



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТАНЫМДЫҚ-АҒАРТУШЫЛЫҚ,
ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ШЫҢЫ-

ҒЫЛЫМ СЫРЫ



2024 ЖЫЛДЫҢ №01 ТОҚСАНДЫҚ
ЖИНАҚ САНЫ
ISBN 978-601-373-01-4-1

ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,
бас редактор.

1 бет

БІЛІМ ШЫҢЫ - БІЛІКТІ ҰСТАЗ ЕҢБЕГІ

УДК 37.0
ББК 74.00
Б94

Редакция алқасы

Бас редактор:
ЕСЕН Бахыткүл Артыққызы

Шығармашылық директор:
БЕКЗАТ Рүстем

Бас редактордың орынбасары:
БИҒАРАЕВ Жарқынбек

Тілші:
УСИПОВА Жанна
ТАСТАНБЕК Аяулым

Дизайнер:
АНАРКУЛОВ Ислам

«БІЛІМ ШЫҢЫ-ҒЫЛЫМ СЫРЫ» Республикалық танымдық-ағартушылық, ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналының тоқсандық жинақ саны 1-7 бөлім Шымкент: ЖК "Шың" Баспаханасы, 2024 жыл. - 48 бет.

ISBN 978-601-373-014-1

«Білім шыңы-Ғылым сыры» Республикалық журналының тоқсандық жинақ саны жаңашыл, білікті, кәсіби шеберлігі жоғары педагогтердің озат тәжірибесін республика көлемінде тарата отырып, ұстаз мәртебесін көтеріп, оларды қоғамда таныту мақсатында шығарылып отыр. Сондай-ақ, әрбір мұғалім еліміздегі жаңашыл ұстаздардың бай тәжірибесімен, еңбектерімен танысып, өз ісінде шеберлікпен пайдалануына бұл жинақ журналдың көмегі зор.

ISBN 978-601-373-014-1

УДК 37.0
ББК 74.00

БІЛІМ ШЫҢЫ - БІЛІКТІ ҰСТАЗ ЕҢБЕГІ



*ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,
бас редактор.*

Білімді ұлт – өркениет өзегінің өлшемі. Кез-келген мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі ең алдымен азаматтарының білім деңгейіне байланысты екені айқын. Білім саласының басты міндеті - ойы ұшқыр, бәсекеге қабілетті, бойына ұлттық құндылықтарды сіңірген, шығармашылық қабілеті жоғары, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет» деп атап өтіп, ұстаздарымызға құрмет білдіріп, үлкен сенім артты.

Білімнің жаңа үлгісі өзіне сәйкес жаңа мұғалімдерді талап етеді. Еліміздің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, жас ұрпаққа сапалы білім, жақсы тәрбие беру жолында аянбай еңбек етіп жүрген жаңалықты жатсынбай қабылдайтын жаңашыл ұстаздар қауымына қандай құрмет көрсетсек те жарасады.

Біздің редакциямыз да ұстаздар қауымының ұлы еңбегін жоғары бағалап, білім саласының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген педагогтардың кәсіби деңгейін ұдайы көтеріп отыруына, теориялық білімі мен әдістемелік біліктілігін үздіксіз жетілдіруіне, озық әдіс-тәсілдері мен озат іс-тәжірибелерін, шығармашылық жұмыстарын баспа беттерінде жариялап, республика көлемінде таратуына мүмкіндік жасау мақсатында «БІЛІМ ШЫҢЫ-ҒЫЛЫМ СЫРЫ» журналының тоқсандық жинақ санын шығаруды жөн санады. Мұғалімнің іс-тәжірибесінде жаңалық болмауы мүмкін, бірақ ол жаңа әдістерді табысты түрде қолданып, басқа мұғалімдерге үлгі болып, озат тәжірибесі басқа мектептерге таратылады Тәжірибелі әріптестердің жұмыстарымен танысып, олардың оқыту мен әдістерін өзінің әдістерімен салыстырып, тиісті қорытындылар жасап, қажетін сұрыптап алу әрбір педагогтерге таптырмас әрі құнды әдістемелік көмек деп есептейміз.

Біз білімді ұстаздардың арқасында ғана білімді елге айналамыз! Білікті ұстаз еңбегімен білім шыңын бағындыратынымыз!

Ұстаздарымыздың еңбегін қадірлей білейік, білімі мен біліктілігін бағалай білейік!



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАСЫ САЛАСЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҮРДІСТЕР МЕН СЫН-ТЕГЕУРІНДЕР

*БАЙГАРАЕВА Айгуль Бийбетовна,
М.Әуезов атындағы IT-мектеп-лицейінің әлеуметтік педагогы,
Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы*

Қазақстанның әлеуметтік педагогикасы саласындағы қазіргі заманғы үрдістер мен сын-тегеуріндер өзгермелі қоғамға бейімделу қажеттілігімен, әлеуметтік қажеттіліктердің өсуімен және білім беру процесіне жаңа технологияларды ұдайы енгізумен байланысты.

Қоғамның жаһандық трансформациясы жағдайында біз білім беру саласына тікелей әсер ететін жаңа сын-қатерлерге тап боламыз. Әлеуметтік педагогика, сала ретінде, осы өзгерістерге белсенді түрде жауап береді, оқушылармен өзара әрекеттесудің тиімді әдістері мен стратегияларын құруға ұмтылады. Қазақстанның әлеуметтік педагогикасындағы қазіргі заманғы үрдістердің негізгі аспектілерінің бірі Инклюзивті білім беруге баса назар аудару болып табылады. Күш-жігер барлық оқушыларға, соның ішінде мүмкіндігі шектеулі балаларға тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған. Оқытудың бейімделу әдістерін дамыту және қолдау ортасын құру білім беру процесінің ажырамас бөлігіне айналады. Екінші маңызды үрдіс-білім беруді цифрландыру. Оқу процесіне заманауи ақпараттық технологияларды енгізу әлеуметтік педагогтардан жұмыс әдістерін жаңартуды талап етеді. Онлайн ресурстар, электрондық оқулықтар, білім беру платформалары — бұл құралдардың барлығы білім беру ортасының ажырамас бөлігіне айналады. Келесі маңызды үрдіс-кәсіптік бағдарлау және мансаптық кеңес беру жүйесін дамыту. Әлеуметтік тәрбиешілер оқушылармен белсенді қарым-қатынас жасайды, олардың қызығушылықтарын, бейімділіктерін түсінуге және ең қолайлы мансаптық траекторияны таңдауға көмектеседі. Бұл әсіресе еңбек нарығындағы қарқынды өзгерістер аясында маңызды. Қазақстанның қазіргі әлеуметтік педагогикасындағы тағы бір маңызды бағыт мәдениетаралық өзара іс-қимыл мен оқытуды дамытуға баса назар аудару болып табылады. Көп мәдениетті ортада айырмашы-

лықтарды құрметтеуді, әртүрлілікті түсіну мен құндылықты қалыптастыру міндеті өзекті болады. Әлеуметтік тәрбиешілер барлық студенттердің мәдени және этникалық тегіне қарамастан оқу процесіне қосылуын қамтамасыз ету үшін жұмыс істейді. Келесі маңызды тенденция-ата-аналардың білім беру процесіндегі рөлін арттыру. Отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастық балалар мен жасөспірімдердің сәтті бейімделуінің негізгі элементіне айналады. Әлеуметтік педагогтар ата-аналармен белсенді қарым-қатынас жасайды, оларға ақпарат, қолдау және балаларының білім беру процесіне белсенді қатысу мүмкіндіктерін ұсынады.

Қазақстанның әлеуметтік педагогтары алдында тұрған сын — қатерлердің қатарында өмірлік қиын жағдайларға тап болған балалар мен жасөспірімдердің проблемалары бар. Балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен әлеуметтік әріптестікті кеңейту осы мәселелерді шешуге жәрдемдесу үшін қажетті қадам болып табылады. Айта кету керек, Әлеуметтік педагогиканың заманауи сын-қатерлері білім беру жүйесін жақсарту үшін әлеуетке ие. Инновацияларға ұмтылу, заманауи әдістемелер мен технологияларды енгізу, сондай-ақ білім беру процесінің барлық қатысушыларымен белсенді өзара іс-қимыл Қазақстанда неғұрлым икемді, жауапты және тиімді білім беру жүйесін қалыптастыруға көмектеседі.

Қорытындылай келе, Қазақстанның әлеуметтік педагогикасы саласындағы қазіргі заманғы үрдістер мен сын-қатерлер білім алушылардың қажеттіліктеріне неғұрлым инклюзивті, цифрландырылған және бейімделген білім беру ортасын құруға ұмтылысты көрсетеді. Бұл бағытта жұмыс істеу кәсіби дағдыларды үнемі жаңартып отыруды және өзгермелі жағдайларға тиімді жауап беруге дайын болуды талап етеді.

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУ ЖӘНЕ ШЕБЕРЛІГІН ДАМЫТУ

**ТӨЛЕГЕН Алтынай Сапарқызы,
Б.Төлепбаев атындағы жалпы білім беретін
мектебінің көркем еңбек пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы**



Көркем еңбек пәнін оқытуда еңбек етудің алғышарттарын үйрету арқылы оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Еңбек тәрбиесі барлық тәрбиенің қайнар көзі: тамақ пісіру, киімді пішу, тігу, тоқу, қолөнер шеберлігін дамыту арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз.

Көркем еңбек сабақтарында оқушылар жан-жақты дүниетанымын қалыптастыра отырып, болашақта өндіріске қажетті мамандық алып шығады, қолөнер түрлерін үйреніп, ұқыпты, әдепті, шебер ұрпақ тәрбиеленеді. Мектеп оқушыларына көркем еңбек пәніне деген қызығушылығын ояту, баулу қашанда кезек күттірмейтін міндеттер болып табылады. Көркем еңбек пәні баланың өз ортасының әлемді түсінуге, эстетикалық талғамның дұрыс қалыптасуына жол көрсететін алғашқы білім. Ол адамның ой-парасатын өсіреді, танымын кеңейтеді, ізгілікке, әсемдікке үйретеді. Өмірде кездесетін келеңсіз құбылыстармен күресуге тәрбиелеп, халқына, еліне, жеріне деген сүйспеншілікке баулиды. Өнер қамқорлықты, жауапкершілікті, жанашырлықпен қарауды қажет ететіні белгілі.

Рухани байлықты дамытуда және көркемдік білім берудің құнарлығын арттыруда, балалардың эстетикалық талғамын, шеберлігін қалыптастыруда технология пәнін теориялық-практикалық тұрғыда қарастыру қажеттілігі туындап отыр. Осыған орай, қазақ халқының қолөнерін дәріптеу, оған мектеп оқушыларын баулу, шеберлігін дамытудың маңызы ерекше.

Халқымыздың дәстүрлі қолөнері ұлттық шығармашылықтың ең жоғары формасы болып табылады. Қолөнер – қол еңбегі. Ол адам баласын еңбектенуге тәрбиелейді.

Қолөнер ата-бабамыздың ұшқыр қиялынан шыққан, үлкен даналық ойынан, қажеттілігінен туындаған өнер туындысы.

Қолөнер – атадан бабаға мирас болып келе жатқан асыл мұра.

Қазақ халқының шеберлігі, өнер еңбек барысында туды және тұрмыс-тіршілігінде қолданылатын өнермен тығыз байланысты болады. Қолөнер халық өмірімен, тұрмысымен бірге жетіліп, біте қайнасып келе жатыр. Сан алуан түрлі шеберлердің бұйымдары, әсемдігі, өрнегі, тұрмысқа сән берумен, адамдарға рухани ләззат әкелген. Сабаққа үлкен жауапкершілікпен қарап, жаңа технологияларды қолданып, түрлендіре откізу пәннің маңыздылығын арттырады. Сабақтан соң мұғалім өзіне есеп беріп отыру қажет: мақсатқа жеттім бе, нені ескермедім, артық кеткен жерін, оны түзету шараларын ойластыру, келесі сабаққа толықтыру тағы басқа сияқты

мәселелерді үнемі есте ұстаған жөн.

Сапалы білім беруде білім, білік және тәрбие бір деңгейде тұру керек. Әр баланың ерекшелігін ескеріп, тақырыпты өмірмен байланыстырып, әр оқушыға бағыт беру де маңызды. Сонда біздің пәнге деген оқушылардың қызығушылығы артады.

Әрбір технология өзіндік әдіс-тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалім ізденіс арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктеп, қолданады. Тиімді, пайдалыларын жетілдіре түседі.

Сабақтарда кеңінен пайдаланып, нәтижесі жемісті болып жүрген жаңа технология элементтерінің бірнешеуіне тоқталып өтейін:

- . тірек-сызбалар
- . ойын элементтері
- . нұсқау карталар

Жалпы жоғарыда айтылған әдістерді орындау барысындағы оқушы іс-әрекетіне тоқталсақ:

- мақсат қоюға үйренеді;
- әр нәрсеге көз қарасы қалыптасады;
- бұрынғы білетіндерін салыстырады;
- бірігіп жұмыс жасайды;
- бір-бірімен тіл табысады, келісімге келуді үйренеді;
- қорытынды жасайды

Бұл әдістерді сабақта пайдалана отырып, өткізу барысында мынандай қорытындыға келуге болады:

- оқушы мен мұғалімнің кең дәрежеде сыйласуына;
- оқушыларға өз пікірін айта білуіне;
- оқыту процесіне барлық оқушыларды қамту;
- шығармашылық қабілеттерін ашуға жағдай жасайды.

Көркем еңбек сабағын ұйымдастыру мұғалімнің әдістемелік шеберлігін аса қажет етеді. Мұғалім еңбекке баулу сабағының баланы табандылыққа тәрбиелеуден басқа «пәндік» сабақтардан гөрі біраз артықшылығы бар екенін үнемі естен шығармауы керек.

Әр баланың бойында бар шығармашылық қабілетті оятуға, еңбекшілдікке, ұлттық мәдениетті қастерлей білуге, алғашқы шығармашылық қадамын жасап, өмірлік азық болуы мүмкін өнер жолын көрсетуді шама-шарқымызша жүзеге асыруға талпынамыз. Әлбетте, бұл мақсатты жүзеге асыруға жалғыз ұстаздың шамасы жетпейді. Егер алдымызға осы мақсатты қойып, оны іске асыруға күш салсақ, одан біздің балаларымыздың ұтары даусыз.

Қорыта айтқанда, Тәуелсіз еліміз әлемдік өркениетке ұрпағымыз арқылы танылмақ. Әлем сахнасында рухы күшті, дені сау, білімді, өз ұлтын, тілін, тарихын құрметтейтін ұрпақ шығару – біздің парызымыз!



СТЕАМ- ТЕХНОЛОГИЯСЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ЖАНЖАҚТЫ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУ

*АБДИМАВЛАНОВА Гульчехра Халмурадовна,
№6 негізгі орта мектеп-интернатының
Оқу ісі жөніндегі орынбасары, бастауыш сынып мұғалімі.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында цифрландыру барлық реформаның басты элементі екеніне маңыз берді. Бұл – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы, табысты болудың басты кілті.

Қазіргі кезде цифрлық технологияның жедел дамуы мен адам қызметінің барлық саласын цифрландырудың жылдам дамуымен байланысты STEAM білім беру маңызды және өзекті мәселе, білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде ерекше назар аударуды талап етеді. Әлемде бүгінгі нарық заңы бойынша жақсы маманға жақсы төлем жасайтын жұмыс берушілер санының жоғары екендігін ескерсек, нақты ғылымдарға деген оқушылар мен студенттердің қызығушылығын арттыра білу қажеттілігі ұстаздардан үлкен жауапкершілікті, жоғары біліктілікті талап етуде. Технологиялық прогресті алға мақсат еткен мемлекеттерде ғылыми-инженерлік мамандарға сұраныс күн санап артуда.

Экономикадағы бұл үрдіс көптеген алдыңғы қатарлы мемлекеттердің STEAM-білім беру жүйесіне баса көңіл бөлуге мәжбүрлеп отыр. Күні бүгін болашағы ерен, экономикасы күннен күнге дамып, спорт, өнер, ғылым саласында әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің қатарынан үзетін қағыстырып, алға ұмтылған мемлекетіміздегі жастарды жан-жақты білімді, шығармашыл, іздене білетін, нанотехнологияларды да, өнер әлемін де меңгерген тұлға ретінде дайындау ісінде STEAM-оқытудың өзектілігі маңызды. Оқушылар оқиғалардың өзара байланысын көруге үйренеді, логика принциптерін жақсы түсінеді және өз модельдерін жасау барысында жаңа және ерекше нәрсені табады. Кешенді тәсіл олардың ғылыми тұрғыда тәрбиелеп, білім құмарлығын дамытуға ықпал етеді.

STEM-білім беру дегеніміз не?

Бір сөзбен жеткізе алсақ, дәстүрлі оқытылатын ғылымдарға заман ағымымен келген және келе беретін жаңалықтарды кіріктіріп оқыту. Сынып оқушылары бос уақытын тиімді пайдаланып, бейнелеу өнерлері арқылы рухани дамып, бойларына жақсы қасиеттерді сіндіріп қана қоймай ғылыми тұрғыда білім алып және қандай мамандыққа икемі барын біліп, алған білімдерін өмірінде пайдалана алуға ықпал етеді.

S – science-ғылым

T – technology-технология

E – engineering-инженерия

A – art-сурет

M – mathematics-математика

«Нені үйрету және нені үйрену керек?»

Мақсаты мен міндеттері:

1. Сыни ойлау дағдыларын дамыту және проблемаларды шешу
2. Балаларды технологиялық инновацияларға дайындау
3. Нақты өмірде ғылыми теникалық білімді пайдалану
4. Техникалық пәндерге қызығушылықты дамыту
5. Өзіне жауапкершілік алу және сенімін арттыру

Оқушыны бәсекеге қабілетті, жан-жақты ұрпақ етіп тәрбиелеу кезіндегі тиімділі.

STEAM-білім беру тұжырымдамасы аясында қосымша білім берудің маңыздылығын бірнеше жағынан байқауға болады

STEAM-білім беруде өнердің түрлі бағыттарын қарауға болады: кескіндеме, мүсін өнері, графика, музыка, әдебиет және поэзия, сол сияқты синтетикалық түрлері театр, хореография, балет, кино, дизайн. STEAM-білім беру жүйесіне көркем шығармашылықты кіріктіру үшін қолданылатын негізгі оқыту әдісі – жобалау. Мысалы, жобалау және математикалық қабілеттері аса айқындалмаған балалар жобалауды эстетикалық жағынан жүзеге асыратын топқа көмектесе алады. Сынып оқушылары бірін-бірі тыңдап, сыйлауға үйретеді. Әр баланың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың іс-әрекеті арқылы техникалық шығармашылыққа деген ынтасы арттырады. Тәрбиелеудің жаңа инновациялық технологияларын меңгеру мақсатында оқушылардың білімі жетіліп, бойларындағы қабілеттерін арттырып және оны болашағында пайдалануға тәрбиелеуіміз керек. Жаңа мультимедиялық әдістемелік құралдар жасаған оқытушылар жұмыстарын қолдап отыру қажет. Internet және басқа да ақпарат жолдарын пайдалана отырып, STEAM-оқытуды жетілдіру және тәжірибе алмасу мақсатында online конференциялар, үйірме сабақтарында кеңінен білім беру мен өзге де білімін жетілдіру іс-шараларын ұйымдастыру арқылы STEAM технологияларының тиімділігін көре аламыз.

НӘТИЖЕСІНДЕ:

- Қажетті ақпаратты меңгеруді тездетеді;
- Оқу үрдісі жаңа, динамикалы, ақпаратты түрге ауысады;
- Көрнекі құралдардың кең спектрі қолданылады;
- Пәнге қызығушылық артады;
- Өз қабілеттерін тани біледі;
- Уақыттарын тиімді өткізеді;
- Топ болып жұмыс жасап, бір-біріне сенім арта

алады;

- Жауапкершілікті сезінеді.
- Оқушылардың жасаған жұмыстарынан көрініс:

Қорытындылай келе, STEM - тәсіл біздің балаларымызға әлемді жүйелі түрде оқуға, айналасындағы оқиғалардың логикасын білуге, олардың қарым-қатынасын ашуға және түсінуге, жаңа, ерекше және өте қызықты жаңалықтарды табуға мүмкіндік береді деп айтқым келеді. Қазіргі заманауи мұғалім балаларды оқыта отырып, мектеп қабырғасында алған білімдері өзгермелі әлемге бейімделе алуына көмектесетініне сенімді болуы керек. Себебі ертеңгі күнгі жұмыс орны шығармашылық пен инновацияны талап етеді. Демек, STEAM-білім беру балаларға мәселені шешу, өзара қарым-қатынас жасау, шығармашылық амал-тәсілдерді қолдану мен сын тұрғысында ойлау сияқты ХХІ ғасырдың жасампаз дағдыларын меңгеруге көмектеседі.

Бұл дағдылар барлық оқу кезеңінде кез келген пәннен үлгеру үшін қажет болады. Болжамдар бойынша STEAM сегментіндегі жұмыс орындары жұмыспен қамтудың басқа секторларымен салыстырғанда, алдағы он жылдықта екі есе қарқынмен өсуі мүмкін. Бұл дағдыларды бүгіннен бастап үйрету балалардың болашақ кәсіби қызметке дайын болуына көмектеседі. Мектеп бағдарламасына «Ғылымға кіріспе», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» сынды ақпаратты сараптай білуге үйрететін заманауи пәндер кіргізілуде. Сонымен қатар, есте ұстар басты мәселе: тіл біле отырып, сапалы, бәсекеге қабілетті маман бола отырып, өз Отанының патриоты болу – әр азаматқа басты міндет екендігін есте ұстау абзал. Жаһандану заманында әр жас адам: «Мен мемлекетім үшін не істеймін, не істедім, қандай пайда әкелдім?» принципін қашан да жадында ұстануы тиіс.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ХАНТӘҢІРІ – МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ

*БЕЙСЕБАЕВА Жанара Нұрланқызы,
М. Мәметова атындағы жалпы білім беретін
мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Жетісай ауданы*



Қазақтың қаны бір жаны бір жолбасшысы-мұғалім. Еліміздің азғана жылдық ояну дәуіріне баға беру үшін алты алаштың баласы бас қосса, қадірлі орын мұғалімдікі. (М.Жұмабаев)

Абайдан кейінгі дәуірдің ең атақты ақыны – Мағжан Жұмабаевтың ХХ ғасырдағы қазақ поэзиясында алатын орны алабөтен. Әйтсе де, аяулы ақын тоталитарлық жүйе тұсында жазықсыз жазаға ұшырап, 70 жылға жуық шығармаларын оқуға тыйым салынып келді. Алайда коммунистік режим болып-толып тұрған кезінің өзін де ұлы суреткерді халық жадынан мүлде алыстай алмады, оның үстіне нәбет заманында қашқан, үріккен елдің зердесі мен қойны-қонышында тау асып, теңіз кешіп, Отанынан жырақ елдерге жетіп, ара-тұра кітап болып басылып, аударылып та жатты.

Пешенесіне осындай қайғылы, бірақ ақыры қайырлы болған даңқты тағдыр жазылған Мағжан Жұмабаев Әкесі Әбен әжептеуір ауқаты бар, балаларын оқытуға мән берген көзі қарақты, көшелі де сауатты кісі екен де, шешесі – үлкен оқымысты отағасының қызы – Гүлсім де сауатты, сандығына әспеттеп көнелі-жаңалы кітаптар жинап, балаларына оқытып отыратын салиқалы ана екен.

Ол заманындағы қазақта мұндай отбасылар келімді-кетімді кісілері, айтатын әңгіме, қызықтайтын тамашасы жағынан өзінше бір білім-тағлым мектебі

іспеттес болатын-ды. Осындай шаңырақта өмірге келген аса зерек Мағжан бес жасында сауат ашып, талай кітап тауысып, ел тарихының әңгіме-хикаяттарын зердесіне түйіп, ана тілінің кәусарына қанып өседі. 12 жасында Қызылжардағы медіресеге оқуға түседі. Әдебиетке ерекше ден қойып, Шығыстың ұлы ақындарының өз тілдерінде оқып жаттайды. Абайдың 1909 жылы шыққан кітабын қолынан тастамай, «сөзі алтын хакім Абай» деп асқақтата жыр арнайды. 1910 жылы Уфадағы Ғалия медресесіне оқуға келгенде, ол мол білімді, ақындық таланты айқын танылған бозбала болатын. Медреседе түркі жұртына мәшһүр жазушы әрі оқымысты Ғалымжан Ибрагимов Мағжанға ерекше ықылас танытады. Ол сол кісінің кеңесімен Омбыдағы мұғалімдер семинариясына түсіп, онда орыс және Еуропа әдебиетімен терең танысады. 19 жасар Мағжанның «Шолпан» атты тұңғыш жинағы 1912 жылы Қазан қаласында жарық көреді. Жұртшылық жинақты ұлы Абайдың лайықты ізбасары дүниеге келгендігінің белгісі ретінде қабылдайды. Осыдан былайғы жерде ақын халқымыздың Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты ардагер көсемдерімен етене жақындасып, солар көтерген идеяның жалынды жақтаушысы, ұраншысы болады. 1916 жылы семинарияны алтын белгімен бітіріп, біраз уақыт елде мұғалім болып істейді. Қазан төңкерісінің

дүрбелеңді заманында «алаш» партиясын құруға қатысып түрмеге жатып шығады. 1919-1920 жылдары орынборда мұғалімдер курсына дәріс береді. Соның негізінде өзінің белгілі «Педагогика» атты кітабын шығарады.

Кең мағынада деген ұғымда бүкіл сыртқы әсерлердің, адамды қоршап тұрған, табиғи және әлеуметтік органдың, тәрбиешілердің мақсатты іс-әрекеттерінің ықпалымен адамды қалыптастыру. Қазақтық аса көрнекті ағартушы-педагогы Ыбырай Алтынсариннің демократиялық-ағартушылық бағыты оның педагогикалық көзқарастарынан айқын көрінеді. Бүкіл өмір жолын мектеп ашуға, қазақ балаларын оқуға тартуға, дүние ғылымдарын үйретуге, оқу құралдарын жазуға, тәлімгер-ұстаз дайындауға, оларға ғылыми әдістемелік басшылық жасауға, өз кезеңіндегі қазақ халқының қоғамдық өміріндегі саяси-әлеуметтік мәселелерді жан-жақты қамтып, жазуға жұмсады Ы.Алтынсарин қазақ жастарының мамандық алуына жол ашты. Қазақ халқының оқу-ағарту ісінде еңбек еткен ұлы тұлға, алаштың маңдайына біткен азаматы, өз заманының қайталанбас бір турары, халқының патриоты, этнопедагогиканың негізін салушы ақын - Мағжан Жұмабаев еді. Сонымен қатар, ұзақ жылдар бойы «ұлтшылдық» әдебиетінің өкілі деген айып тағылып, жазықсыз жапа шеккен қазақ педагогикасының көрнекті қайраткерлерінің бірі Мағжан Жұмабаев құнды еңбектерінің авторы болуымен дараланған ірі тұлға.

М.Жұмабаевтың ақындық өнерді өзінің қысқа өмірінде асқан шабытпен жырлап нағыз поэзия билігіне самғаған, бір туар әмбебап зиялы қайраткер болды. Оның қаламынан сондай-ақ, көптеген әңгімелер мен мақалалар, оқу құралдары мен оқулықтар, зерттеу еңбектері туды. Сонымен бірге ол тәлім-тәрбие ғылымының теориялық жағына төңкерістен кейін тұңғыш терең үңілушілердің бірі болуы Мағжан дарынның тағы бір қырын көрсетеді. М.Жұмабаев өзінің қысқа өмірінде нағыз поэзия биігіне самғаған, оның асқар асуларынан қлшеусіз нәр алған біртуар, әмбебап зиялы қайраткер бола білді. Сонымен бірге оның тәлім-тәрбие ғылымының теориялық жағына төңкерістен кейін тұңғыш үңілушілердің бірі болуы Мағжан дарынының тағы бір қырын көрсетті.

Ұлы Мағжан Жұмабаев еңбектеріндегі ұстаздық-тәлімгерлік идеялары біз үшін өте құнды дүниелер болып табылады. Мағжан орыс педагогикасының атасы К.Д.Ушинскийше, педагогиканың жан сырын терең зерттейтін психология ғылымымен байланыстыра қарастырып, қазақтың халық педагогикасын ғылыми тұрғыда зерделеп, болашақ ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне қажетті құнды дүниелер қалдырып кеткен.

Әдебиетте өшпейтін із қалдырған, қара өлеңнің құдіретін ұғындырған. Алаштың ардақты ұлы Мағжан ата, қара көзді қазағым деп шырылдаған, - дегендей ұлы Мағжан есімі мәңгізз жасай бермек.

МАҒАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ИСАТАЙ БЕЙНЕСІ

*ЗУЛПИЕВА Ботакөз Шымырбаевна,
М.Мәметова атындағы №33 жалпы білім беретін
мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Жетісай ауданы*

Мақсатым: Қазақ әдебиетіндегі ұлы тұлға Махамбет шығармаларындағы Исатай бейнесін анықтау, оның бүгінгі күн тұрғысынан алғанда қаншалықты маңызды екендігін дәлелдеу.

Талдау әдістері : Ақын өлеңдеріндегі Исатай бейнесін анықтау және қорытынды шығару.

Талдау нысаны: Махамбеттің Исатай батырға арнаған өлеңдері.

Жұмыстың өзектілігі: Махамбет шығармаларының мәңгілік мұра екендігін, ондағы Исатай бейнесін насихаттаудың қажеттілігін жас ұрпақтың түсінуімен, ғибрат алуымен маңызды екенін түсіндіру.

Исатай мен Махамбет бастаған көтерілістің басталу себептері: Қазақ халқы талай қиын кезеңдерді басынан кешірді. Елін, жерін қорғап, елінің азаттығы үшін ішкі, сыртқы жаулармен де сұрапыл айкаса түсті. Халық тарихында сондай елеулі оқиға-ХІХ ғасырдың

бірінші жартысында Ішкі Бөкей ордасында болған шаруалар көтерілісі еді. Шаруалардың көтеріліс жасауына не себеп болды?

Ханы мен сұлтаны, төресі мен төленгіті Еділ мен Жайық арасындағы шаруалардың «оза шауып, кең жайлаған» жерлерін тарылтты. Отаршыл патша өкіметі қазақтардың жерін күшпен тартып алып, сұлтан-билерге таратып берді. Сөйтіп, Ішкі Бөкей ордасының қазақтарына тиесілі жерлер түгелдей дерлік феодалдарға үлестірілді. Оның үстіне шаруаларға салынған алым-салық та күшейтілді. Ел еркінен айрылып, күйзелген үстіне күйзеле берді. Озбырлар, отаршылдар бейбіт шаруаларды жыландай сорып, қарапайым халықтың титығына тиді. Халық «ереуіл атқа ер салды». Ол көтерілісті Исатай мен Махамбет басқарды. Шаруалардың сол қарулы көтерілісі ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы бүкіл қазақ поэзиясының

демократтық бағытын белгілеп, идеялогиялық-көркемдік ерекшеліктерін айқындады. Махамбеттің поэзиясы ереуілге шыққан халықтың құдіретті үні бола білді.

«Қара қазан, сары баланың қамы үшін қылыш сермедік» деп ұран көтерген «таудағы тарлан шұбар» батырлар Исатай мен Махамбет төңірегіне мол күш топталды. Олардың ойлағаны өздерінің басының қамы емес, көп қамы, қалың қауым-ел қамы болды. Олар солар үшін «Әділ жаннан түңіліп» күн кешті, қанды жорыққа аттанды. Олардың «қанды көбе киінген» ерлігі, қара қылды қақ жарған әділдігі, биік адамгершілік жайында ел арасында аңыз аз емес.

Демек, көтерілістің шығуы себебі: біріншіден, шаруалардың шұрайлы қонысынан, жер-суынан, еркінен айрылуы болса, екіншіден, хан-сұлтандар мен патша үкіметінің езгісіне, қыспағына түсіп күйзелуі болды. Езілуші еңбекші халық пен олардың мұңын жоқтаушы халық батырларының тілек-мүдделері осы жерде келіп ұштасты.

1756 жылы патша жарлығымен қазақтарға қысқа уақытта Жайықтың оң жағалауына мал жаюға тыйым салынған болатын. Қарауылқожа Бабажанұлының Каспий теңізі өңіріндегі қазақ руларына билеуші етіп тағайындауы көтеріліске түрткі болды. Орал казак –орыстарының өткен озбырлығы шектен асты.

Исатай мен Махамбет бастаған көтерілістің нәтижесі қандай болды:

1. Патша үкіметі қазақ старшиндарымен санасатын болды.

2. Қазақ феодалдарының отаршылдық басқару мен байланысты екенін көрсетті.

3. Салық мөлшеріне шек қойылды.

4. Ішкі Ордадағы хандық биліктің әлсірегендігін дәлелдеді.

5. Әртүрлі халықтардың қанаушыларға қарсы бірігіп күресуінің негізі қаланды.

Махамбет ел үшін еңіреген ерді аңсаған, соған бар ақындық жүрегін арнаған ақын. Ол «Асыл ердің баласы, жауды көрсе шыдамай, көзін салар қияға», -деп, бүкіл поэзиясына ерлікті ту етті. «Қарадан да қара бар, хан ұлы басып өткісіз», -деп елі үшін қан майданға тайсалмай түскен қайыспас қайсар, қара қазақ қамы үшін халықтан туғн ер ұлды жырлаған, соны өнеге еткен, соған асыл сөз маржандарын төккен. Махамбет «қазан аттан туған қаз мойын», «ауырдан туған жампозды» Исатай бойынан көрген. Сондықтан да оның жырларында Исатай тұлғасы ерекше бейнеленген. Ақын оның ерлігін «Арыстан еді –ау Исатай, бұл фәнидің жүзінде, арыстан одан кім өткен?!» деп суреттейді. Ең алдымен, Исатайды қол жетпес «таудағы мұнартып ұшқан тарланға» балайды. Ақын оның арыстандай қайратты тұлғасына орай көркем сымбатын «Кеміығым кербезім, керіскендей шандозым...Қырмыздай ажарлым», -деп суреттейді. Исатайдың сыртқы сұлу пішінімен бірге, «теңіздей терең ақылдым, тебіренсе ауыр мінездім» деп оның сабырлы, ойлы, парасатты жан екенін, тек батыр ғана емес «хиуадай базарлым» деп, сері екенін де көрсетеді. Батырдың бойына «кірісін сары алтынға малдырған, сар жебелі садағы», «тереңнен көзін ойдырған, сұр жебелі оғы», киген киімі бәрі жарасқан. Махамбет Исатайдың кескінін берумен, мінезін суреттеумен тынбайды. Енді Махамбеттің Исатайға арналған өлеңдері туралы сөйлейін. (4 . С.Қирабаев, Р.Бердібеков .М.Қаратаев «Бес ғасыр жырлайды» Алматы «Жазушы» баспасы 1984 жыл)

Махамбеттің Исатайға арналған өлеңдері мыналар:

1. Исатай деген ағам бар.
2. Мұнар күн.
3. Тайманның ұлы Исатай.
4. Исатайдың сөзі.
5. Тарланым.
6. Мінкен ер.

Махамбет өз өлеңдерінде Исатайдың барлық жақсы қырларын саралай білді. Оған өзіндік баға бере алды. Исатайды нағыз елінің қаһарманы есебінде даралап көрсетті.

(5. Х.Сүйіниәлиев «XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» Алматы «Мектеп» баспасы 1986 жыл 87 бет)

Махамбеттің өлеңдеріндегі Исатай бейнесі қалай көрініс тапты:

1. Исатай – халық үшін жан қиюшы.
2. Исатай – ерен ерлік иесі.
3. Исатай – жүректілік пен өрліктің символы.
4. Исатай – тарихи адам.
5. Исатай – адамгершіліктің биік үлгісі.
6. Исатай – қолбасшы.

(3. Қ.Бімібаева «Әдебиетті тереңдетіп оқыту» Алматы «Мектеп» баспасы 2003 жыл 114 бет)

Енді Махамбеттің Исатай туралы жазылған өлеңдерін жеке-жеке талдай отырып, өлеңдеріндегі батыр бейнесін талдап көрейін. «Исатай деген ағам бар» өлеңіндегі Исатай бейнесі мынадай болды.

1. Ақ кіреукенің жағасы.
2. Хан ұлына қас болған жан.
3. Қара ұлымен дос.
4. Ханның тауын қайтарған тұлға.

Келесі тілге тиек етпекші болған өлеңім «Әй, Махамбет жолдасым» өлеңіндегі Исатай бейнесі былай көрінеді.

- Халқымның көрген қорлығын,
Хандардың еткен зорлығын.
Ақ жүректі тебірентіп,
Ер көңілін желдентіп.
Ақ сүйектің баласын
Қара ұлына теңгеріп,
Қоңыраулы найза өңгердім.

Бұл өлең жолдарынан біз Исатайдың халқының азаттығы үшін көтеріліс туын ұстап, хан-сұлтандарға қарсы шыққан Исатай бейнесін көреміз. Ең бір керемет теңеудің бәрін ақын Исатай бейнесін суреттеуге жұмсайды.

Махамбет Исатайды халқы үшін белдескен ер, батыр, ел басшысы, қамқоры етіп бейнелейді. Исатай өліміне ақын қабырғасы қатты қайысады.

Исатай қазасына байланысты өлеңдерінде де ақын оның бейнесін тереңдеп аша түседі. «Мұнар күн» - Махамбеттің батыр өліміне арналған классикалық шығармаларының бірі. Өлең «Мұнар да, мұнар, мұнар күн» деген жолмен басталады. Күн неге мұнар тартқан? Бойың мұздап кеткендей, «мұнар күн» бір сұмдықтың хабаршысындай, не болып қалды? «Буыршын мұздан тайған күн». Жаңағы сезімің одан әрі ұлғайғандай. Табаны бұдырлы буыршын мұзға тайса, ол- жақсылық емес. Ақын осындай поэтикалық қарам – қарсы өрнектер арқылы оқушысын алға жетелейді. Оны үлкен бір оқиғаға әзірлейді, көңіліне қайғы бұлтын ұлғайтып, өзінің негізгі ойына алып келеді. Ақын сол «Мұнар күн» өлеңінде батыр қазасының халқы, елі үшін соншалық ауыр, орны толмас қаза екенін бейнелеу үшін шебер көркем өрнектер тапқан. Оның дәлелі есебінде

мына шумақтарды ұсынбақпын:

Арқаулының бойынан
Теріскей дауыл соққан күн,
Садағы болат қылыштың
Балдағынан сынған күн.

Хас бәйтерек жығылып,
Жығылғаны естіліп,
Алыстағы дұшпанның,
Қуанып көңілі тынған күн.

Ақын сондай сабаз ер өмірінің өкінішпен өткеніне қайғырды. Ол «Егізімнен айрылдым» деп қайғыра жыр төгеді. (*І.Қ.Жұмалиев, Т.Ақиолақов «Қазақ әдебиеті»*

оқулық Алматы «Рауан» баспасы 1996 жыл 178 бет)

Қорытындылай келе, Исатайға арналған Махамбет өлеңдерінде батырға деген асқан сүйіспеншілік, терең сезім шынайылығымен, мөлдірлігімен оқушыны сүйсіндіреді. Исатай бейнесі ақын жырларында асқан көркемдікпен, шеберлікпен өрнектелген. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиетімізде адам образын сомдауда махамбет тамаша шеберлік танытқан. Махамбет ақындақ мақсатында ел мүддесімен ұштастыра білген азамат ақын. Қалам мен найза-ақын Махамбет пен батыр Махамбеттің қос қаруы бола білген. Махамбет поэзиясы-ерліктің, өрліктің поэзиясы.



Оқу үрдісіндегі оқушылардың танымдылық іс-әрекеті

НҮРМАХАТОВА Дана Батырқызы,
А. Макаренко атындағы № 41 мектеп-лицейдің
тарих пәні мұғалімі.
Шымкент қаласы

Бұл теорияда ақыл-ой тәрбиесіне көп көңіл бөлінді, әсіресе шәкірттің өз ой тұжырымын дамытуға ерекше мән берілді. Сондықтан өзі ақ оқыту барысында шәкірттерінің танымдық белсенділігі мен ізденімпаздығын арнайы басқарудың маңыздылығын атап көрсеткен-ді. Ол шәкірттердің танымдық ізденімпаздығын арттыратын арнайы оқыту әдісін - эвристикалық әңгімелесуді алғашқылардың бірі болып қолданды. Сократ білімді жай ғана бере салмай, шәкірттеріне сұрақ қоя отырып, олардың ойлау қабілетін, қызығушылығынын арттырып, өз ой тұжырымдарын жасай білуге үйретеді. Эвристикалық сұрақтарды алдын-ала дайындай отырып, танымдық ізденімпаздықты оқыту құралы ретінде қарастырады.

Кейінірек осы ізденімпаздықтың дамуына ежелгі Рим философтары үлес қосты. Олар білімді игеруде шәкірттердің белсенді танымдық ізденімпаздығы айтарлықтай роль атқарды деген пікір айтты.

Демек, антикалық дәуірдің өзінде - ақ педагогтар оқушылардың өзіндік ой - тұжырымын жасау, оны дамыту үшін репродуктивті және эвристикалық әдістерді дұрыс қолдану мәселесіне көңіл бөлген.

Орта ғасырдың тәрбиелеу процессінде діннің ерекше рөл атқарғанын байқауға болады. Діннің уағыздауы бойынша, адамды алдағы келетін «одүниелік» өмірге дайындау мәселесіне мән берілді. Шіркеу қызметкерлері антикалық дәуірдегі әдеби және ғылыми мұраларды жоққа шығарып, оны таратушыларды аяусыз жазалап отырды. Мысалы, VI ғасырдың соңында Папа Григорий I шәкірттерін латын грамматикасына үйреткен епископты жазалауға үкім

шығарған.

Елден адамзат жаңа білімдерді алуға әрқашанда ұмтылғаны белгілі. Тіршілік құпияларын меңгеру - адамзаттың ұлы мақтанышы болып табылатын ақылдың шығармашылық белсенділігіне жоғары ұмтылыстарының көрінісі. Өзінің мың жылдық дамуында ол болмыстың мәніне үнілудің және шектеуліден жан - жақты шындыққа жетудің ұзақ және күрделі жолынан өтті. Бұл жолда көптеген айғақтар, табиғаттың, қоғамдық өмір мен адамның өзінің қасиеттері және заңдары ашылды. Әлемнің суреттемесі өзгерді. Қазіргі уақытта адамзат білімі аса бай және күрделі жүйені құрайды және оның ұрпақтан - ұрпаққа, бір елден екінші елге таралуы тез жүзеге асырылады.

«Таным» деген не?», «Білімді қалай алуға болады?» деген мәселелер төңірегінде ойлана отырып, адам сонау ежелгі заманда - ақ өзін табиғаттың бір бөлшегі ретінде сезінген. Уақыт өте келе бұл мәселені саналы қойылуы және оны шешуге тырысуы салыстырмалы тәртіпті пішін алып, сол кезде білім туралы ілім қалыптасты. Философтар таным теориясының мәселелері төңірегінде ой қозғай бастады. Гносеология - айналадағы әлемді тану туралы философиялық ғылым. Таным теориясы немесе гносеология (грекше gnosis - білім, таным) - философиямен бірге, оның іргелі бөлімдерінің бірі ретінде пайда болды және қалыптасты. Ол адам танымының сипатын, білімінің формаларын, оның жадағай түрінен тереңіне бойлау әдістерін зерттейді.

Гносеологиядағы орталық ұғымдарға «таным

субъектісі» мен «таным объектісі», «білім», «таным» жатады. Таным субъектісі деп белгілі бір мақсатқа бағытталған танымдық қызметті атқарушыны айтамыз. Ол - бірдеңені танып, білуге тырысушы. Ол адам немесе тұтастай қоғам болуы мүмкін. Таным объектісі деп танымдық қызмет бағытталған нәрсені айтамыз. Демек, ол танылушы, былайша айтқанда, кітап, молекула, атом, адам немесе тұтастай табиғат болуы мүмкін. Таным объектісі материялық, дүние немесе рухани құбылыс, сонымен қатар субъектінің өзі де болуы мүмкін. Таным объектісі мен субъектісі бір-бірінің мәнділігін шарттастырады: субъектісіз объект болмайды, объектісіз субъект болмайды. Таным үдерісінде олар бір-біріне маңыз аларлық ықпал етеді. Сонда танымдық қызмет субъекті мен объект қатынасы және олардың өзара әрекеттесуі болып шығады.

Білім - адамның санасында берілген, өзінің қызметінде шынайы дүниенің заңды байланыстарын идеалды бейнелейтін объективті шындық. Материалды дүниені бейнелеудің нәтижесі, түйсіктің, білімнің, зауықтың, қобалжудың бірлігі болып табылатын және материямен ұштасатын санадан өзгешелігі - наным білім алу үдерісі болып табылады және ол тәжірибемен жанасады. Таным - адамның санасындағы ақиқаттылық және нағыздықтың оны одан әрі өзгерту мүмкіндігін қаласа, онда олар университет зертханалары мен кафедраларға қарағанда өндірісте, практикада тез жүзеге асырылады. «Білім» ұғымының үш аспектіде қолданылатынын естен шығармау керек: - бірдеңені істеу, жүзеге асыру үшін хабардар болуға негізделген білім мен машық қабілеттері; - кез келген танымдық мән бар ақпарат; - практикамен өзара байланыста болатын ерекше танымдық бірлік. Сонғы екі аспекті ерекше философиялық пән - таным теориясының (гносеологияның) зерттеу объектісін құрайды. Таным теориясының философиялық пән ретіндегі зерттейтіні мыналар: тұтас түрдегі танымның сипаты, оның мүмкіндіктері мен шекаралары, білім мен шынайылықтың, білім мен сенімнің, таным субъектісі мен объектісінің ара-қатынасы, ақиқат және оның өлшемдері, танымның формалары мен деңгейлері, оның тарихи, әлеуметтік - мәдени негіздері, сонымен қоса білімнің түрлі формаларының ара - қатынастары. Қазіргі философияда таным ортақ мәселелердің бірі болып табылады.

Таным теориясының қалыптасуы

Таным теориясы (гносеология немесе эпистемология) - айналадағы қоршаған дүниенің адам санасында бейнеленуін, танымның жалпы шарттары мен мүмкіндігін, білімнің шындыққа қатынасын, қоғамдық тәжірибе негізінде іске асатын таным үрдісінің заңдылықтарын, оның негізгі түрлерін, әдістерін, жорамалар мен теорияларды құру және дамытудың жолдарын зерттейтін психология ғылымының саласы.

Білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттейтін ілім - «таным теориясы» деп аталады. Таным теориясының басқа ғылым теорияларынан түбірлі айырмашылықтары бар. Ол білімнің қалыптасуы мен

негізделуінің жалпы ұстанымдары, оның ақиқаттық жалпы шарттарының, объективтік қатынастарының қалыптасуы.

Дүниені танудың түрлі формалары болды. Ғылыми теориялық тану дегеніміз - дүниені меңгерудің бір формасы, мұның негізінде логикалық ойлау мен қорытындылауға қабілеттілік жатады. Ғылыми тану толып жатқан жеке жақтардан заңдылық шығаруға сипат табуға бағытталған.

Оқушылар бойында кездесетін таным қабілеттіліктері - білімді өз сапасында белсенді және нәтижелі түрде бейнеленуі. Мұндай бейнелеу әрекеті аса күрделі үрдіс. Ол оқушылардың сыртқы әрекеттердің қалыптастыру нәтижесінде жүзеге асады. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру, таным қабілеттілігінің оянуына түрткі болу - оқытудың негізгі мәселелерінің бірі.

Оқушылардың танымдық белсенділігі өз кезеңінде қабылдау, есте сақтау, қиалдау үрдістері мен зейіннің тұрақты күйін қажет етеді.

Оқушы өзіндік сезімдік танымы (қалауы, ынтасы, әсерленуі) негізінде қабылданған білімі мен дағдысы, ептігі мен шеберлігі әлдеқайда нәтижелі әрі жемісті болады. Ақыл - ой әрекеттерінің жемісі кезеңмен қалыптасу теориясының идеясы мынадай:

Білім алу оқушылардың белгілі бір әрекеттер жүйесін орындауы нәтижесінде жүзеге асырылады. Ақыл - ой әрекетін табиғаттан даяр жүзеге алмайды, ол ойлауды үйренеді, ойлау операцияларын игереді. Оқытушының міндеті - осы үрдісті басқара білу, тек ойлау іс - әрекетінің нәтижелерін ғана емес, оны қалыптасу барысында бақылап отыру.

Ақыл - ой әрекеті сезімдік қабылдау негізінде алған жүйелі білімі арқылы қалыптасады. Оқу барысында, әрекеттердің белгілі бір жүйесін орындау кезінде оқытушылардың басқаруымен сезімдік қабылдау қабілеттілігін жетілдіріп отыру іске асырылады. Оқушылардың психикалық даму ерекшеліктері оқу әрекеттерінде жетекші қызмет атқарады. Оқу үрдісі оқушылардың танымды белсенділігі мен құштарлығының қабілеттілігін арттырудың сан алуан түрлері бар.

Оқу - тәрбиелеу үрдісі оқытушы мен оқып - үйренушінің әр түрлі іс - әрекеттердің барлығы оқып - үйренушінің білімін мазмұның меңгеру мақсатында орындалады. Дидактикада осы іс - әрекет түрлерінің сипатына, жинақтау тұтастығы мен орналасуы көп көңіл бөлінеді. Білім оқытушыдан студентке беріліп қана қоймайды, оның шығармашылығын дамытуға жұмылдырылады. Өйткені оқыту әдісі белгілі білімді игеру үрдісі мен тікелей байланысты.

Оқыту әдісі - оқытушы қолындағы өзіндік педагогикалық құрал.

Педагогикалық үрдісте оқып - үйренуші мен оқытушының арасындағы өзара әрекеттесу жүріп, ол әрекеттесу әр түрлі әдістер арқылы іске асады. Әдістерді анықтау мен классификациялаудың көптеген жақтары бар.




КӨҢІЛ КӨТЕРІҢКІ ҰСТАЗДЫҢ, ЕҢБЕГІ ДЕ ЖЕМІСТІ

ӘСІЛБЕКОВА Арайлым Кенжеқызы,
Авиценна атындағы жоғары медициналық колледжінің
психология пәні мұғалімі.
Шымкент қаласы

Тренинг мақсаты: Мұғалімдердің психикалық көңіл-күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, дұрыс қарым-қатынас орната білу.

Тренинг көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдпен видеороликтер, түрлі-түсті қаламдар, плакаттар, шарлар, тренингке қажетті құрал-жабдықтар, тақта арқылы караоке қолданысқа енгізілді.



1. «Сәлемдесу» әдісі.

Суретте көрсетілген қимылдарды орындау арқылы қызықты тәсілдермен сәлемдесіп кіріп, орындарға жайғасады.

2. «Ұстаз туралы қанатты сөздер».

Ұстаз туралы видеороликте көрсетілген көркем нақыл сөздерді жас мамандар оқу арқылы мотивация алады.

- Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады.
- Ұстаз талантты болса, Шәкірті талапты болады.
- Ұстаз болу - жүректің батырлығы, Ұстаз болу - сезімнің ақылдығы.
- Ұстаздар - ұлтты құтқаратын ең ұлы тұлғалар!
- Ақырын жүріп, анық бас,



Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық қылған жалықпас,

Үйретуден балаға.

- Ұстаз болу өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау.
- Ұстаз талантты болса, шәкірті талапты болады.
- Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен-тарихтағы ең ұлы істің бірі.
- Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де артық, өйткені мұғалім мектептің жүрегі.
- Мұғалім зор тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі іспетті. т.б.

3. «Ілгіш» тренингі. Әр мұғалім өзін таныстырып, жақсы қасиеттерін айта отырып, келесі адамға ілгішті беріп отырады.



4. «Топқа бөлу» әдісі. Әр мұғалім жүрек пішінді қағаздарды таңдай отырып 2 топқа бөлінеді.

5. «Постер қорғау» әдісі. Берілген жасырын қағаз арқылы әр топ өзінің тақырыбын таңдайды.

1-топ: «Мұғалімнің білім алушыға деген қарым-қатынасы қандай болу керек?»

2-топ: «Білім алушының мұғалімге деген қарым-қатынасы қандай болу керек?» - сұрақтарын топпен бірлесе тақырыпты қорғап шығуы қажет.



6. «Икемділікті қалыптастыру» сергіту сәті. Әр мұғалім шарды тек 3 рет лақтыру арқылы басында оқылған шатасқан нақыл сөздерді құрастырады.



7. «Кім жылдам?» жаттығуы. Жіпке байланған қалам арқылы берілген есепті тез, әрі жылдам орындау қажет.



8. «Қызықты караоке». Интерактивті тақтада көрсетілетін әнді бірге шырқады «Ұстаз» әні.

9. «Тату алақан» жаттығуы. Плакатқа әр топ мүшелері алақанының суретін сала отырып, алақан ортасына жылы лебіздерін жазып, саусақ формаларына бүгінгі тренинг жайлы кері байланыс жасады.

Қорытындылай келе, ұстаздар тарапынан тренинг

мақсаты түгел орындалғанын, пән оқытушысы өзінің психологиялық шеберлігін көрсете білгендігін, және қызықты болғанын атап өтті. Сонымен қатар әр ұстазға сабақ барысында осы қолданылған әдіс тәсілдерді, тренингтерді, сергіту сәттерін өз пәнінде қолдануға кеңес берді.



СТИХОВ ПЛЕНИТЕЛЬНЫЕ СТРОКИ...

*Высший медицинский колледж имени
Авиценны преподаватели кафедры
общегуманитарных дисциплин.
город Шымкент*



ЖАСУЗАК Динара Нурлановна,

ЖУБАНОВА Меруерт Жиргалиевна,

Форма проведения: Литературный-музыкальный вечер, посвященный творчеству А.С. Пушкина

Цели: 1. Приобщение учащихся к миру поэзии А.С. Пушкина.

2. Повышение уровня сформированности речевой культуры обучающихся.

3. Формирование навыков осознанного выразительного чтения. Развитие памяти, внимания, речи.

Виды используемых ИКТ: Презентация «Стихов пленительные строки...».

Музыка: Г.Свиридов «Метель», Ф.Шопен «Вальс».

Перечень оборудования и действующие лица:

1. Письменный стол, на столе листы бумаги, чернильница, перо, свечи и подсвечники.

2. Портрет А.С. Пушкина

3. Портрет няни А.С.Пушкина Арианы Родионовны

4. Костюмы для участников

5. Проектор, экран

Сценарий литературно-музыкального вечера, посвященной творчеству А.С.Пушкина

«Стихов пленительные строки...»

Ведущий 1:

Мы Пушкину наш праздник посвятим,

Наполнив зал чудесными стихами.

О Пушкине сегодня говорим

Поэзии волшебными словами.

Ведущий 2:

Трудно найти человека, который бы не знал и не любил замечательные произведения этого поэта.

Есть имена, как солнце!

Имена – как музыка! Как яблоня в расцвете!

Я говорю о Пушкине: поэте,

Действительном, в любые времена!

Ведущий 1:

И сегодня мы попробуем окунуться в поэтический мир Александра Сергеевича.

Жизнь поэта, как и любого человека, состоит из радостей и огорчений, взлетов и падений, удач и поражений.

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	10.2.1.3 - бір айнымалысы бар көпмүшелерді ажырата және оны стандарт түрге келтіре алу; 10.2.1.4 - бір айнымалысы бар көпмүшенің бас коэффициентін, дәрежесін және бос мүшесін табу
Сабақтың мақсаты:	Көпмүше дәрежесі, стандарт түрі, бос мүшесі, коэффициенті ұғымдарына анықтама береді. Көпмүше дәрежесі, стандарт түрі, бос мүшесін анықтайды.
Құндылықтарды дарыту	«Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» құндылығына: топпен, жұппен жұмыс орындау барысында құрмет, серіктестік және жеке жұмыс орындау кезінде жауапкершілік, үздіксіз оқу құндылықтарын дарыту.

Сабақтың барысы:

Уақыты	Кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
5 минут	Ұйымдастыру	Сәлеметсіздерме! Бүгін, Бір айнымалысы бар көпмүшенің жалпы түрі тақырыбын қарастырамыз. Бүгінгі сабақта меңгеретінің: - бір айнымалысы бар көпмүшелерді ажырата және оны стандарт түрге келтіре алу; - бір айнымалысы бар көпмүшенің бас коэффициентін, дәрежесін және бос мүшесін табу Ұйымдастыру. Үй жұмысын тексеру.	Амандасады. Үй тапсырмасын айтады.		Оқулық
10 мин	Негізгі бөлім	Жаңа материал бойынша теориялық түсінік беру Мұғалім тақтадан алгебралық өрнектерді көрсетеді, олар: бір және бірнеше айнымалысы бар көпмүшелер және мүлдем көпмүше болып табылмайтын өрнектер. Келесі сұрақтар бойынша мұғалім оқушылармен диалог жүргізіп, білімдерін жаңғыртады:	Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып түсінеді Тақырып бойынша ресурстарды қарап, танысады.	«Екі жұлдыз бір	

		<p>Көпмүше деп нені айтамыз? Көпмүшенің ұқсас мүшелері және оларды жинақтау дегеніміз не? Көпмүше дәрежесі деп нені айтамыз? Дәреже рационал сан бола ма? Үлкен коэффициенті деген не? Көпмүшелерге қандай амал қолданылады деп ойлайсыздар? Көпмүшенің анықтамасын беру үшін: бірнеше бірмүшеден тұрады, қосу және азайту амалдарымен берілген деген сөздерді тақтаға жазып қойып, оқушылардан толық анықтама қандай деп сұрау, талдау. Көпмүшенің канондық түрде жазылуын айту. Көпмүшенің дәрежесі, коэффициенттері, бос мүшесі, мүшелері терминдерін анықтап алу.</p> <p>Анықтама: X нақты айнымалысы бар n - ші дәрежелі көпмүше деп, төмендегі формуламен берілетін кез келген P функциясын айтамыз: $P(x) = a_n x^n + a_{n-1} x^{n-1} + \dots + a_1 x + a_0$ мұндағы $a_n, a_{n-1}, \dots, a_1, a_0 \in R$ коэффициенттер, $n \neq 0$ және $n \in N$. $a_n \neq 0$ болуы керек. $a_n x^n$ – көпмүшенің үлкен мүшесі деп, n – көпмүшенің дәрежесі деп, ал a_0 – бос мүшесі деп аталады. (презентация, слайд 6)</p> <p>Келесі түрдегі тапсырмаларды сыныппен орындау. Тапсырма №2 Көпмүшенің дәрежесі мен коэффициенттерін жазыңыз. Бас коэффициенттен бастаңыз. Көпмүшенің коэффициенттерінің қосындысын табыңыз.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Тапсырма №1</p> <p>Төменде берілген әрбір функцияны көпмүше болса \checkmark, болмаса \times деп белгілеңіз.</p> <p>1. $(1 + \sqrt{2})x - x^2$ 2. $\frac{5}{x + 8}$ 3. $2 - x + x + 3$</p> <p>4. $\frac{x^2 + x - 2}{3x^2 + 1}$</p> <p>5. $(x^2 - 6x + 5)(x^5 + 3x^4 - 2x^3 + x^2 - x - 7)^3$</p> <p>6. $x^{100} - 2x^{51}$</p> <p>7. $x(x^3 - a^3) + ax(x^2 - a^2) + a^3(x - a)$ 8. $3^x + 8 \cdot 6^x - 5$</p> <p>9. $\log_3(x^2 - 3x + 2) + x^2 - 9x$</p> <p>10. $2x^2 + 3xy - 5y^2$</p> <p>11. $6xyz - 9z^2 + y^2$</p> <p>$P(x) = x^4 + 4x^3 + 6x^2 + 10x + 20$ $Q(x) = 2x^3 - x + 4$ $F(x) = 2x^3 + 5x^2 - 1$</p>	<p>ұсыныс»</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Көпмүше дәрежесі, стандарт түрі, бос мүшесі, коэффициенті ұғымдарына анықтама береді -Көпмүшені стандарт түрге келтіре алады Көпмүше дәрежесін анықтайды Көп мүше бос мүшесін анықтайды 	<p>Оқулық</p>																				
<p>25 мин</p>	<p>Бекіту тапсырмалары</p>	<p>Тапсырмалар. Тапсырма №1 https://bilimclass.kz/ Жаңа сабаққа арналған тапсырмалады талдау. Тапсырма 2 «Оқулықпен жұмыс»</p> <ul style="list-style-type: none"> - $p(x)$ көпмүшесінің дәрежесін, үлкен коэффициентін және бос мүшесін анықтаңыз: а) $p(x) = (3x^2 - x + 1)^{17} + (x^3 + 5x + 1)^{11}$; б) $p(x) = (x^6 - 2x + 64)^3 - (x^9 + x^8 - 512)^2$; в) $p(x) = (81x^4 - 36x^2 + 4)^5 - (9x^2 - 2)^{10} + (x - 1)^{13}$; <p>-көпмүшені стандарт түрде жазыңыз</p> <p>а) $(2x + 1)(2x - 1)^2$; в) $(2x + 1)(2x - 1)^2 + (1 - 2x)^3$</p> <p>-$A = 4x^3 - x^2 + 9x$; $B = 2x^3 + 2x^2 - x + 5$ көпмүшелері берілген келесі өрнектерді орындап, C көпмүшесінің үлкен коэффициентін, дәрежесін, бос мүшесін анықтаңыз:</p> <p>A. $C = A + B$; B. $C = A - 2B$; C. $C = 2A + B - 5$.</p> <p>-$2x^3 - x + 3$ және $x^3 + x^2 - 2x$ көпмүшелері көрсетілген. Екі көпмүшені көбейтіп, стандарт түрге келтіріп, пайда болаған көпмүшенің:</p> <p>A. Бірмүшелер санын B. Үлкен дәрежесі мен бос мүшесінің айырмасын C. x^3 үшін дәрежені анықтаңыз.</p> <p>Тапсырма 3 https://learningapps.org/</p>	<p>Есептер шығаралы</p> <p>Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, топтық талдау жасайды. Талқылау нәтижесінде өзара бір келісімге келіп есепті орындайды.</p> <p>Өз бетімен жұмыс. Тапсырма №1: 1. $x^4 - x - 6$ көпмүшелігі берілген. Оның дәрежесі неге тең? Оның жоғарғы коэффициенті және бос мүшесі неге тең? 2. Үшінші дәрежелі екі көпмүшелердің қосындысы екінші дәрежелі көпмүше бола ала ма? Мысал келтіріңіз. 3. Коэффициенттері төмендегідей болып берілген көпмүше құрыңыз: A) $-\frac{3}{5}\sqrt{7}, 0, 2$; B) 1, 3, 0, 0, 1. https://learningapps.org/ тоттық жеке тапсырмаларды қортыдылау тапсырмалары.</p>	<p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> Көпмүше дәрежесі, стандарт түрі, бос мүшесі, коэффициенті ұғымдарына анықтама береді -Көпмүшені стандарт түрге келтіре алады Көпмүше дәрежесін анықтайды - Көпмүше бос мүшесін анықтайды  <p>ҚБ «Екі жұлдыз бір тілек» әдісі. Бірін-бірі бағалау</p>	<p>Интернет ресурстары</p> <p>Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық.</p>																				
	<p>Жеке жұмыс</p>	<p>Келесі тапсырманы орындау</p> <table border="1" data-bbox="381 1641 771 1882"> <thead> <tr> <th>Көпмүше</th> <th>Стандарт түрі</th> <th>Үлкен коэф. фици енті</th> <th>Дәрежесі</th> <th>Бос мү ше</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>$5x^3 - 4x^2 - 3x^5 + 3 + 2.5x^4$</td> <td>$-3x^5 + 3 + 2.5x^4$</td> <td>3</td> <td>5</td> <td></td> </tr> <tr> <td>$-0.5x^2 + 14x^5 + 3,2x^4 - 5,6 - 2.5x^4$</td> <td>$14x^5 - 0.5x^2 - 5,6$</td> <td>14</td> <td>5</td> <td></td> </tr> <tr> <td>$3x^2 + 7x^3 - 3x^2 + 3x$</td> <td>$7x^3 + 3x$</td> <td>7</td> <td>3</td> <td></td> </tr> </tbody> </table>	Көпмүше	Стандарт түрі	Үлкен коэф. фици енті	Дәрежесі	Бос мү ше	$5x^3 - 4x^2 - 3x^5 + 3 + 2.5x^4$	$-3x^5 + 3 + 2.5x^4$	3	5		$-0.5x^2 + 14x^5 + 3,2x^4 - 5,6 - 2.5x^4$	$14x^5 - 0.5x^2 - 5,6$	14	5		$3x^2 + 7x^3 - 3x^2 + 3x$	$7x^3 + 3x$	7	3		<p>Тапсырмаларды орындайды.</p>		<p>Оқулық</p>
Көпмүше	Стандарт түрі	Үлкен коэф. фици енті	Дәрежесі	Бос мү ше																					
$5x^3 - 4x^2 - 3x^5 + 3 + 2.5x^4$	$-3x^5 + 3 + 2.5x^4$	3	5																						
$-0.5x^2 + 14x^5 + 3,2x^4 - 5,6 - 2.5x^4$	$14x^5 - 0.5x^2 - 5,6$	14	5																						
$3x^2 + 7x^3 - 3x^2 + 3x$	$7x^3 + 3x$	7	3																						
<p>5 минут</p>		<p>Бүгінгі сабақта:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бір айнымалысы бар көпмүшелерді ажырата және оны стандарт түрге келтіре алады; - бір айнымалысы бар көпмүшенің бас коэффициентін, дәрежесін және бос мүшесін таба алады. <p>Кері байланыс:</p> <p>https://classroom.google.com/</p>	<p>Тақырыпты меңгергенін анықтау</p> <p>Үйге тапсырма. №31.2.</p>	<p>Кері байланыс</p> <p>Панел арқылы кері байланыс жасалады</p>																					



ҚЫСҚАША КӨБЕЙТУ ФОРМУЛАЛАРЫНЫҢ КӨМЕГІМЕН ӨРНЕКТЕРДІ ТҮРЛЕНДІРУ

ЕРМЕКБАЕВА Улбала Секеновна,
И.Журба атындағы жалпы білім беретін мектептебінің
математика пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Арыс қаласы

Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.2.1.14 алгебралық өрнектерді қысқаша көбейту формулалары арқылы көбейткіштерге жіктеу;
Оқу мақсаты:	Қысқаша көбейту формуласын тұжырымдайды; Формулалардың көмегімен өрнектерді түрлендіреді; Қысқаша көбейту формулаларын өрнектерді түрлендіру барысында қолданады;
Сабақ мақсаты:	Қысқаша көбейту формуласын тұжырымдайды; •Формулалардың көмегімен өрнектерді түрлендіреді; •Қысқаша көбейту формулаларын өрнектерді түрлендіру барысында қолданады
Күтілетін нәтиже:	Оқушылар қысқаша көбейту формулаларын өрнектерді тепе-тең түрлендіруде қолдана алады
Зерттеу сабағының модулі	СТО
Аспект	Ашық сұрақтарды қолдану қолдану
Не үшін?	Оқушылардың сөйлеу қабілетін, ойлауын дамыту
Қайда?	7 в сыныбы
Кімдер?	Ынтасы төмен оқушылар
Сұрақ?	7в сыныбында математика сабағында әдіс тәсілдерді пайдаланып, ынтасы төмен оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын қалай арттыруға болады.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі/Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың басы Қызығушылықты ояту. Ұжымдық жұмыс. 6 мин.</p> <p><i>«Жарық» әдісі</i></p>	<p>1. Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Саралаудың «жарық» тәсілін пайдаланып, сыныпқа сандар жазылған кима-қағаз тарата отырып, сыныпты топқа бөлемін.</p> <p>2. топ 3. топ 4. топ</p> <p>5. Үй тапсырмасын тексеру</p> <p>6. Мақсат: оқушыны алған білімін саралай білуге дағдыландыру.</p> <p>7. Үй тапсырмасын тексеру. Балалар, жаңа сабақты меңгеруде тірек болатын үй тапсырмасының дұрыстығын</p>	<p>Мақсаты: Оқушылар бойында идея немесе тілек білдіру, тындау дағдыларын дамытуға бағыттау, сондай-ақ барлық оқушыларды қатыстыру арқылы оқыту жағдайларын теңестіру.</p> <p>Тіімділігі: Оқушыны бір-біріне тілек айту арқылы жақындастырады, көңіл - күйін көтереді, бауырмалдығын оятады.</p> <p>«Тірек» әдісі арқылы интербелсенді тақтадағы дұрыс жауаппен оқушылар бірін –бірі тексереді.</p> <p>Жұмыстақтасы</p>	<p>Дескриптор: Мұғалім ұйымдастыру кезеңінде белсенділік танытқан оқушыларды «Мадақтау сөз» әдісі арқылы бағалайды: <i>«Жарайсың! Жақсы! Өте жақсы! Талтын!»</i></p> <p>Бағалау: Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады</p>	Оқулық 7-сынып.

	<p>сигналдық карточкамен тексерейік. Үй тапсырмасының дұрыс жауаптары тақтада жазылып тұр, ал сендер өздеріңнің дәптердегі жауаптарыңмен салыстырасыңдар. Дұрыс жауап болса қызыл карточканы, ал дұрыс болмаса сары түсті картаны көтересіңдер.</p>			
<p>Ұжымдық жұмыс. 5 мин.</p>	<p>Өткен тақырыпты меңгеру. Проблемалық ой тастай отырып, жаңа тақырыпты ашу мақсатында әр топқа тапсырма беремін. Қысқаша көбейту формулаларын еске түсіріп өту; «Leaming Apps.org» әдісі арқылы еске түсіру. Саралау: Оқушылар алған білімдерін пайдалана отырып жаңа тақырыпты ашуға тиісті есептер шығарады, қателерге түзету енгізіп көмектесемін. Өтілген тақырыпты ашуға берілген формулаларды сәйкестендіреді.</p>	<p>Оқушылар жауап береді Мақсаты: Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлауды дамыту.</p>	<p>Дескриптор: -сабақты меңгереді -сұрақтарға жауап береді 3-балл Бағалау: Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады</p>	<p>ДК экраны Сұрақтар топтамасы. Оқулық 7-сынып. https://bilimland.kz/kk/subject/</p>
<p>Сабақтың ортасы 10 мин. Жеке жұмыс.</p>	<p>Сабақты толықтырып оқушыларға қысқаша көбейту формулалары туралы түсінік беру және оларды қолдануды үйрету. Видео көру арқылы оқушылар формулаларды есептер шығаруда қолдана біледі. Саралау: Бұл тапсырмада саралаудың . Ерекше білімді қажет ететін оқушыларға көмек көрсету.</p>	<p>Тиімділігі: Оқушының танымдық дағдысы артады Ол үшін bilimland.kz сайтынан видео көрсетіледі. Мақсаты: оқушыларға қысқаша көбейту формулалары туралы түсінік беру және оларды қолдануды үйрету. Видео көру арқылы оқушылар қолдарындағы дәптерлеріне формулаларды «түртіп қойып» тақырыпты топпен талқылайды.</p>	<p>Дескриптор: -мысалдарды шығаады -есептейді -3балл Бағалау: Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады</p>	<p>ДК экраны 7 сынып, Алгебра Шыныбеков «Атамұра» 2017</p>
<p>Жеке жұмыс. 10 мин. «Ойлан, топтан, бөліс» үштік әдісі</p>	<p>«Ойлан, топтан, бөліс» үштік әдісі арқылы 3 топқа оқулықтан әр түрлі есептер беремін Саралау: Оқулықтан әр түрлі есептер беріп-қызыл, сары түс көтерген балаларға көмек беремін. Көпмүше түріне келтіріңдер: 1) $(-a+2)^2$ 2) $(-b-3)^2$ 3) $(-n+4)^2$ 4) $(-x-10)^2$</p>	<p>Берілген тапсырма бойынша есепті жеке орындайды Түсінбеген тапсырмаларды бір-біріне түсіндіреді. Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, топтық талдау жасайды. Талқылау нәтижесінде өзара бір келісімге келеді.</p>	<p>Дескриптор. -сұрақтарға жауап береді -мысалдар келтіреді 2-балл Бағалау: Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады</p>	<p>ДК экраны 7-сынып оқулығы.</p>

Жеке жұмыс. 7 мин. <i>Ребус шешу</i>		« Ребус » шешу бойынша жұмыс жасайды. Берілген тапсырма бойынша өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіріп, жұптық талдау жасайды. Талқылау нәтижесінде өзара бір келісімге келіп ребусты орындайды.	Дескриптор: -формулалар кестесін пайдаланады -Өрнектің мәнін табады. 2-балл Бағалау: Әрбір дұрыс жауапқа 1 балл қойылады	ДК экраны қосымша
Сабақтың соңы. Рефлексия 7 мин.	Рефлексия -Маған ұнады, тағы барма..... -Мен бұл туралы көп нәрсе -Маған көп ұнады... -Мен сіңірдім.... -Мен түсіндім.... -Өтінемін, қосыңыз... Үй тапсырмасы: №412	Оқушылар тестті орындайды Мақсаты: Өз ойын айтып, сабақты бекіту, қорытындылау. Тіімділігі: Оқушы алған білімін жинақтап, саралай білуге дағдыланады. Саралау: Оқушылардың тақырып бойынша түсінгенін пайымдау мақсатында “Тест” әдісін қолданып шапшаңдыққа және топта қарқынмен жұмыс істеуге дағдылантамын	Дескриптор: Бағалау: Оқушыларды Топ басшысы балдық жүйе бойынша Бағалайды.	ДК экраны 7-сынып оқулығы. Смайликтер



МЕН НЕ ҮЙРЕНДІМ?

*АКИМХАНОВА Розагүл Мухиддиновна,
И.Журба атындағы жалпы білім беретін мектептебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Түркістан облысы, Арыс қаласы*

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	2.3.7.1 сөйлем түрлерінің айтылу мақсатына сәйкес тыныс белгілерін (нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі) қолдану; 2.4.2.6 - сөйлемдегі бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу			
Сабақтың мақсаты	Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып, жазу Мәтінге ат қою			
Құндылықтар	денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету			
Р.Л Сабақ барысы				
Сабақтың кезеңі/уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы (2мин)	Ұйымдастыру кезеңі: 1.Сәлемдесу. 2.Оқушыларды түгендеу. Психологиялық ахуал орнату. «Сәлем, сәлем»	Оқушылар сабаққа назар аударады. Оқушылар әуенмен сәлемдеседі.		https://www.youtube.com/watch?v=qM2j9lq_pEw
Сабақтың ортасы (5 мин)	Үй тапсырмасын тексеру «Қолшатыр» ойыны Өтілген тақырыптар бойынша ережелерді айт. «Серпілген сауал» әдісі	Өтілген тақырыптар бойынша ережелерді айтады Сұрақтарға жауап береді	Дескриптор: -ережелерді айтады (16) Мадақтау	Доп

<p>9 мин</p>	<p>1.Сөйлем дегеніміз не ? 2.Сөйлемдер айтылу мақсатына қарай нешеге бөлінеді ? 3.Хабарлы сөйлем дегеніміз не? 4.Сұраулы сөйлем дегеніміз не? 5.Лепті сөйлем дегеніміз не? 6. Сөйлемдегі сөздердің байланысын қалай анықтаймыз ? Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау 1-тапсырма Ұжымдық жұмыс «Білімінді қолдан» әдісі Көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып,жаз. ЕББҚ Тапсырманы орындауда қолдау көрсету Талқылау сұрақтары: 1. Тапсырманы орындауда не оңай, не қиын болды?</p>	<p>1. көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып,жазады 2.сөздіжазу кезінде емле ережелерін қолданады</p> <p>Сұраққа жауап береді</p>	<p>Баскетбол доптарымен бағалау (жауабына қарай) Дескриптор: -көп нүктенің орнына қажетті сөзді қойып,жазады (1б) -сөзді жазу кезінде емле ережелерін қолданады (1б) Дескриптор: -тапсырманы орындайды</p>	<p>Таратпа Дәптер қаламсап</p>
<p>10 мин</p> <p>Сергіту сәті 5 минут</p>	<p>2 –тапсырма Жеке жұмыс «Құрастыр» әдісі Ұ, ғ, қ әріптерін қойып жаз.</p> <p>ЕББҚ Тапсырманы орындауда қолдау көрсету Талқылау сұрақтары: 1. Тапсырманы орындауда не оңай, не қиын болды? «Көңіл - күй» Бейне көрініс ұсынылады</p>	<p>1. тиісті жерге ұ әрпін қойып жазады 2. тиісті жерге ғ әрпін қойып жазады 3. тиісті жерге қ әрпін қойып жазады</p> <p>Сұраққа жауап береді</p> <p>Балалар жаттығу жасайды</p>	<p>«Комментарий» арқылы Дескриптор: -тиісті жерге ұ әрпін қойып жазады(1б) - тиісті жерге ғ әрпін қойып жазады(1б) - тиісті жерге қ әрпін қойып жазады(1б) Дескриптор: -тапсырманы орындайды</p>	<p>Таратпа Дәптер қаламсап</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=ui8J9vIQ4wA</p>
<p>Сабақтың соңы 10 мин</p>	<p>3 –тапсырма Жеке жұмыс Мәтінді оқы.Мәтін не туралы? Мәтіннің қай түріне жатады? Мәтінге ат қой. ЕББҚ Тапсырманы орындауда қолдау көрсету Талқылау сұрақтары: 1. Тапсырманы орындауда не оңай, не қиын болды?</p>	<p>1.мәтіннің мазмұнын айтады 2.мәтіннің түріне ажыратады 3.дәлелдер келтіреді 4.өлеңге ат қояды</p> <p>Сұраққа жауап береді</p>	<p>«Комментарий» арқылы Дескриптор: -мәтіннің мазмұнын айтады (1б) -мәтіннің түріне ажыратады (1б) -дәлелдер келтіреді (1б) -мәтінге ат қояды (1б) Дескриптор: -тапсырманы орындайды</p>	<p>Таратпа қаламсап</p>
<p>Рефлексия 7 мин</p>	<p>«Баскетбол» әдісі (Бағалау) Бүгінгі сабақты толық түсіндім (9,10 доп) Бүгінгі сабақты түсіндім, сұрағым бар (7,8 доп) Бүгінгі сабақты түсінбедім (5,6 доп) Үйге тапсырма: Ережелерді қайталау</p>	<p>Бүгінгі сабақтан алған білімдерін жинаған білім зарядтарының саны арқылы анықтайды.</p>	<p>«Комментарий» арқылы</p>	<p>«Баскетбол» тақтасы Балалардың аттары жазылған ұяшықтар доптар таратпасы</p>



ТҮБІР МЕН ҚОСЫМШАНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

НЫСАНБАЙ Айжан Манарбекқызы,
И.Журба атындағы жалпы білім беретін мектептебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Түркістан облысы, Арыс қаласы

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	3.2.3.1 мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру 3.4.1.2 түбір сөздегі -ы, і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған кездегі өзгерісін сақтап жазу			
Сабақтың мақсаты	Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді Түбір сөздегі -ы, і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған кездегі өзгерісін сақтап жазады			
Құндылықтар	Талап, Ізденімпаз, жасампаз тұлға			
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5мин	Ұйымдастыру кезеңі Көш басшы: Біз күштіміз бе? Біз мықтымыз ба? Біз бақыттымыз ба? Біз бақыттымыз ба? (Оң қолымызды көтереміз) Үй тапсырмасын тексеру Өткенді бекіту. Оқушыларға сөздер тізбегі беріледі. Түбірлес сөздерді табады. Сөздер тізбегі: Ойын, ауыл, ойыншық, ауылдас, ойынпаз, ауылнай, ем, емхана, емделу т.б. Сабақ мақсатымен танысады	Хормен: Күштіміз Мықтымыз Бақыттымыз Алға, алға, алға Өткен білімді зерделейді. Сабақ мақсатымен танысады	ҚБ: Жарайсындар! Керемет! Жаксы! Тамаша!	Слайд
Сабақтың ортасы 28мин	Жаңа сабақ 40-жаттығу. Тапсырма 1. Өлеңді түсініп тыңдайды. Өлеңдегі негізгі ойды анықтайды. Тапсырма 2. Бірінші топ мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады. Екінші топ оқушылары бірінші топтың қойған сұрақтарына жүйелі, толық жауап береді. Тапсырма 3. Оқыған мәтіннің ішінен қарамен жазылған сөздердің түбірін табу, жазылуындағы өзгерістерін түсіндіру. ҰЖ. Көркем жазу. 41-жаттығу. Сөздерді көшіріп жаз Халық-халқы, ерік-еркі, көрік-көркі, дауыс-даусы т.с.с. Жазылым. ЕҚБ. Тапсырма 1. Оқушылардың назары уақыт туралы суреттер мен уақыт туралы жазылған нақыл сөздерге аударылады.. Нұсқаулық - әлденені орындау, жүзеге асыру тәсілі мен тәртібін бекітетін тәртіптер жинағы. Қажет жағдайда үлгісі беріледі. Үлгі: 1. Таңертең ерте тұр. 2. Бір күндік ісінді алдын-ала жоспарла. 3. Күн тәртібін дұрыс құрастыр, үнемі соған бағынуға тырыс...т.с.с.	Оқушылар «Аквариум» стратегиясы бойынша екі топқа бірігеді Өлеңді түсініп тыңдайды. Өлеңдегі негізгі ойды анықтайды Сөздерді көшіріп жазады Нақыл сөздердің мағынасы ашылады. Тақырып анықталады. Берілген тақырыпта нұсқаулық жаздырылады	Дескрипторы Өлеңді түсініп тыңдайды. 1б Өлеңдегі негізгі ойды анықтайды 1б Сөздерді көшіріп жазады 1б Каллиграфия лық нормаларды сақтайды; 1б Түбір сөзге қосымшаны дұрыс жалғайды 1б Мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастырады және жауап береді 1б	оқулық

Сергіту сәті 2мин	Сергіту сәті	Сәйкесінше кимылмен көрсетеді	Тамаша!	слайд
	<p>42-жаттығу. Тізбектің басында тұрған сөзді тап. Жақ-жағу-жағады-жағып Тік-тігу-тігеді-тігіп. Тақ-тағу-тағады-тағып. Гүлім әдемі моншақ тағып алыпты.</p>	<p>Түбір сөздегі -ы,-і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша жалғанған кездегі өзгерісін сақтап</p>	<p>Түбір сөздегі -ы,-і-нің дауысты дыбыстан басталатын қосымша</p>	оқулық
	<p>Жазылым. 43-жаттығу. «Ретімен орналастыр» әдісі. Орны ауысып кеткен сөйлемдерді ретімен орналастыру. Мәтін құрап жазу</p> <p>Уақытыңды бағала Уақыт тоқтамай сырғыйды. Одан қалып қоюға болмайды. Сондықтан бүгін істейтін ісінді ертеңге қалдырма.</p> <p>ЕБҚ. Берілген сөйлемдерді толықтыру, аяқтап жазу. <i>Тісті (күніне екі рет тазалау керек)</i> <i>Таңертең ұйқыдан тұрған соң, әжетханаға кіріп шыққан соң, үнемі (беті-қолды, құлақ пен мойынды) жуу керек.</i> <i>Жуылмаған (жеміс-жидек, көкөніс) жемеге керек.</i> <i>Тамақтанып отырғанда ... (сөйлеспеу) керек.</i></p>	<p>жазады</p> <p>Орны ауысып кеткен сөйлемдерді ретімен орналастырады</p> <p>Мәтін құрап жазыды</p> <p>Берілген сөйлемдерді толықтыру, аяқтап жазыды</p>	<p>жалғанған кездегі өзгерісін сақтап жазыды 16</p> <p>Мағына жағынан өзара байланысты сөйлемдер тізбегін құрайды 16</p> <p>Мәтінге ат қояды 16</p> <p>Каллиграфиялық дағдыларды сақтап жазыды 16</p> <p>Берілген сөйлемдерді толықтыру, аяқтап жазыды 16</p>	
Сабақтың соңы 10мин	<p>Бекіту «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы сабақтан игерген білімдеріне рефлексия жасатылады. «Мұғалімге жеделхат» тактасына оқушылар стикерлер жапсырады. Оқушылар өздеріне жақын сөйлемді таңдап, айтылған ойды жалғастырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • қызықты болғаны..... •қиындық тудырды. • менің түсінгенім..... • енді мен.....аламын. <p>Үй тапсырмасы: Өз туған күніне шақыру қағазын құрастырып жазу</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді</p> <p>Үй тапсырмасын күнделікке жазыды</p>	<p>1-10 ұпай Өз-өздерін бағалайды</p>	

ХИМИЯЛЫҚ РЕАКЦИЯ ЖЫЛДАМДЫҒЫ

ТОБАЖАНОВА Гүлдана Илесбековна,
"Төрткүлтөбе" жалпы білім беретін мектебінің химия пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Орабасы ауданы



Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	10.3.2.1 гомогенді және гетерогенді реакциялар үшін жылдамдық өрнегін білу; 10.3.2.2 - қарапайым реакциялардың орташа жылдамдығына есептеулер жүргізу
Сабақ мақсаты:	- Гомогенді және гетерогенді реакциялар үшін формуласы мен анықтамасы негізінде жылдамдық өрнегін құрастырады. - Химиялық реакциялардың орташа жылдамдығына есептеулер жүргізеді.

Сабақтың барысы:

Сабақ кезеңі	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
--------------	-----------------------	---------------------	---------	-----------

<p>Сабақтың басы 2 мин.</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен амандасу, түгендеу</p>	<p>Амандасу. Оқу құралдарын түгелдеу. Оқушыларды заттың агрегтық күйіне қарай 2 топқа бірігеді. Қатты, сұйық</p>	<p>Қалыптастырушы бағалау: Мадақтау, мақтау</p>	<p>Презентация Слайд</p>												
<p>Қызығушылықты ояту. 8 мин.</p> <p>Жаңа сабаққа кіріспе 10 мин</p>	<p>«Өзінді тексер» әдісі арқылы оқушыларға сәйкестендіру тапсырмасы беріледі.</p> <p>«Сұраққа жетіп ал» әдісі арқылы 9 – сыныпта алған білімдерін жаңа сабақты байланыстырып, интерактивті тақтада оқушыларға сұрақтар беріледі: Сұрақтарға жауап береді. Сыныппен бірлесе Химиялық реакция жылдамдығына бірнеше мысалдар көрсете отырып, түсіндіремін.</p>	<p>2- тапсырма: Гибсс энергиясында процестің жүру барысында заттардың түзілу энтальпиясы мен энтрапиясы қосындылары өзгерісінің 4 ықтимал нұсқасын сәйкестендіріп табыңыздар.</p> <table border="1" data-bbox="581 438 1047 810"> <tr> <td>Реакция энергиялық жағынан тиімді және өздігінен жүре асады.</td> <td>$\Delta H > 0, \Delta S > 0$</td> </tr> <tr> <td>$\Delta H$ артуы реакцияның өздігінен реакция үшін қолайлы</td> <td>$\Delta H > 0, \Delta S < 0$</td> </tr> <tr> <td>Реакция энергиялық жағынан тиімсіз және өздігінен жүре алмайды.</td> <td>$\Delta H < 0, \Delta S < 0$</td> </tr> <tr> <td>$\Delta H$ мәнінің төмендеуі өздігінен жүретін реакция үшін қолайлы</td> <td>$\Delta H < 0, \Delta S > 0$</td> </tr> </table> <p>Сыныппен жұмыс</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Химиялық реакциялардың жылдамдығын зерттейтін химияның саласын не деп айтамыз. 2. Химиялық реакция жылдамдығы деген не, оны анықтау жолдары? 3. Химиялық реакциялар қаншаға жіктеледі. 4. Біртекті ортада жүретін реакциялар не деп айтамыз. Оларға мысал келтіріңіз. 5. Әртүрлі фазада жүретін реакциялар не деп айтамыз. Оларға мысал келтіріңіз. 6. Реакция жылдамдығын арттыру немес төмендетудің өндіріс пен тұрмыста қандай тиімді тиімсіз жолдары бар? Мысалмен түсіндіріңдер. <p>Оқушылар қолдарындағы алгоритмді қолдана отырып, мұғаліммен бірлесе жаңа сабақты мысалында түсіндіру арқылы меңгереді.</p>	Реакция энергиялық жағынан тиімді және өздігінен жүре асады.	$\Delta H > 0, \Delta S > 0$	ΔH артуы реакцияның өздігінен реакция үшін қолайлы	$\Delta H > 0, \Delta S < 0$	Реакция энергиялық жағынан тиімсіз және өздігінен жүре алмайды.	$\Delta H < 0, \Delta S < 0$	ΔH мәнінің төмендеуі өздігінен жүретін реакция үшін қолайлы	$\Delta H < 0, \Delta S > 0$	<p>Оқушылар өздерін тексеріп. Берілген сұрақтарды сәйкестендіреді.</p> <p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді</p>	<p>Оқулық, дәптер, қалам</p> <p>Бейнеролик ті үйде қарауға ұсыныс беремін</p>				
Реакция энергиялық жағынан тиімді және өздігінен жүре асады.	$\Delta H > 0, \Delta S > 0$															
ΔH артуы реакцияның өздігінен реакция үшін қолайлы	$\Delta H > 0, \Delta S < 0$															
Реакция энергиялық жағынан тиімсіз және өздігінен жүре алмайды.	$\Delta H < 0, \Delta S < 0$															
ΔH мәнінің төмендеуі өздігінен жүретін реакция үшін қолайлы	$\Delta H < 0, \Delta S > 0$															
<p>Сабақтың ортасы 8 мин.</p> <p>4 мин.</p> <p>4 мин.</p>	<p>Оқушыларға «Анықтамалық кесте» әдісі арқылы тапсырмалар береді</p> <p>Гомогенді және гетерогенді реакцияларды ажыратып кестеге түсіріп. Тапсырма орындайды.</p> <p>«Тәжірибе алаңы» әдісі арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту үшін тереңдетілген тапсырма беріледі</p>	<p>Жұптық жұмыс</p> <p>1. <u>Тапсырма</u></p> <p>а) Берілген анықтаманы, формуланы, реакция теңдеулерін кестеге түсіріңіз. Біртекті ортада жүретін реакциялар $N_2 + 3H_2 = 2NH_3$ Әртүрлі ортада жүретін реакциялар $C + O_2 = CO_2$</p> $v_{гом} = \pm \frac{\Delta C}{\Delta t} \quad v_{гет} = \pm \frac{\Delta C}{S \Delta \tau}$ <table border="1" data-bbox="581 1643 1063 1763"> <thead> <tr> <th>№</th> <th>Гомогенді</th> <th>Гетерогенді</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>3</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>б) $N_2 + 3H_2 = 2NH_3$, $C + O_2 = CO_2$ берілген реакциялардың жылдамдық өрнегін құрыңыз</p> <p>Жеке жұмыс</p> <p>2. <u>Тапсырма</u></p> <p>Күнделікті өмірде газдалған су мен лимонад сусындарын дайындауда көмірқышқыл газы қолданады. Осы газды әк сүті арқылы өткізгенде өзіне сіңіріп тұрмыста қолданатын әктас түзеді. Бұл әк сүті көмірқышқыл газына сапалық реакция болады. Мектеп зертханасында оқушылар сапалық реакция жасауға қатысқан бастапқы берілген әк сүтінің концентрациясы сағ: 10:00 де 2,5 моль/л болған. Ал сағ: 10:15 де әк сүтінің концентрациясы 1,3 моль/л өзгерген.</p>	№	Гомогенді	Гетерогенді	1			2			3			<p>Дескриптор:</p> <p>а) гомогенді және гетерогенді реакцияларды берілген мәліметтерге сүйене отырып, ажыратады. б) гомогенді және гетерогенді реакциялардың жылдамдық өрнегін құрады.</p> <p>Дескриптор: Берілген мәліметтерді кестеге түсіреді. Реакцияның орташа жылдамдығын есептеп анықтайды. Реакцияның орташа</p>	<p>Презентация Слайд</p> <p>қосымша кесте</p> <p>Презентация Слайд</p>
№	Гомогенді	Гетерогенді														
1																
2																
3																

		<p>Ал екінші тәжірибеде оқушылар әк сүтін көміртек қышқылымен әрекеттестіргенде құрылыста көп қолданатын әктасты алады.Әктасты алуға жұмсалған бастапқы әк сүтінің концентрациясы сағ: 10:00 де 3,8 моль/л болған. Ал сағ: 10:15 де әк сүтінің концентрациясы 2,7 моль/л өзгерген. Өзгерістерді кестеге түсіріп есептеңіз.</p> <table border="1"> <tr> <td>Реакция теңдеуі</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>10:00</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>10:15</td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Берілген мәліметтерге сүйеніп қайсы реакцияның орташа жылдамдығы жоғары болатынын анықтандар. Оқушылар тапырманы орындап, өзара бірін бірі бағалайды.</p>	Реакция теңдеуі			10:00			10:15			жылдамдығы қай реакцияда жоғары болатынын есептейді.	
Реакция теңдеуі													
10:00													
10:15													
	<p>«Бір сөйлеммен түйіндеу» арқылы үнемі қосымша көмекті қажет ететін оқушыларға есте сақтау қабілетін қалыптастыру үшін тапсырма ұсынылады. Оқушылар тапсырманы дұрыс орындау үшін қасына барып қолдау көрсетіледі.</p>	<p>Жеке жұмыс Жеке дара көмек қажет ететін оқушыларға а) Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойыңыз. 1. Химиялық кенетика реакцияның да, реакцияның да жылдамдығына зерттейді. 2. Біртекті ортада жүретін реакциялар химиялық реакциялар деп айтады. Мысал келтіріңіз: 3. Әртүрлі фазадағы заттардың әрекеттесуі нәтижесінде жүретін реакциялар реакциялар деп аталады. Мысал келтіріңіз: б) $A+B=AB$ химиялық реакцияда А затының бастапқы концентрациясы $c=0,3$ моль/л болса, 2 секундтан кейін $c=0,1$ моль/л болғанда реакцияның жылдамдығын табыңыз</p>	<p>Дескриптор: а) Бос орындарды толтырады. Мысал келтіреді. б) Реакция жылдамдығын есептейді.</p>	<p>сілтеме Презентация Слайд</p>									
<p>Қорытын дылау 6 мин</p>	<p>«Google forms» платформасы арқылы 5 сұрақтан тұратын тест тапсырмасын орындайды. Сілтемесін оқушыларға жібереді</p>	<p><u>4.Тапсырма</u> Оқушылар өз смартфондары арқылы «Google forms» платформасында дайындалған 5 сұрақтан тұратын тест тапсырмаларды мұғалім жіберген сілтеме арқылы кіріп орындайды. Өз білімдерін онлайн түрде бағалайды</p>	<p>Дескриптор: 1. Баллдық жүйемен берілген тапсырма ларды орындай ды; 2. Жинаған баллдарын есептейді</p>										
<p>Сабақтың соңы 3мин</p> <p>Үй тапсырмасы</p>		<p>Кері байланыс «3-2-1» стратегиясы Бүгінгі сабақтан алған үш маңызды ақпарат; Бүгінгі сабақта қиындық тудырған екі аспекті; Бүгінгі сабақта ұнаған бір іс-әрекет; Үй жұмысы: а) гомогенді және гетерогенді реакцияларға екі мысалдан жазып келіңіздер. б) Егер көміртек монооксидінің концентрациясы 0,5 тен 0,2 моль/л ге дейін өзгерсе, 50 секундтан кейін түзілген $2CO+O_2=2C O_2$ гомогенді реакцияның жылдамдығын есептеңіздер.</p>											

Шәкірт қоржынынан



АҚЫН БАТИМА БАТЫРБЕКОВАНЫҢ ТУҒАН ЖЕР ЖӘНЕ ОНЫҢ ТАБИҒАТЫН СУРЕТТЕУДЕГІ ШЕБЕРЛІГІ

*РАХАШ Назерке Мұхашқызы,
Нәзір Төрәқұлов атындағы ІТ-мектеп-лицейінің
7 «F» сынып оқушысы
Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
СМАЙЫЛ Айнақыз Бейсенбайқызы
Түркістан облысы, Созақ ауданы*



Зерттеу жобасының өзектілігі: Әр заманның өзінің көкейтесті мәселесі болады. Халық өмірімен тығыз байланысты, халық үшін еңбек еткен ақын немесе жазушы сол түйінді жайларды көтеріп, оқушысына белгілі бір ой, шешім ұсынып отырады.

Бағалай білсек, халықтың маңдайына біткен абзал

азаматтары, арыстары аз емес. Сондай азаматтарды айтқан кезде жергілікті әдебиетімізге өзіндік өрнек салған жерлес ақын-жазушыларымыз еске түседі. «Жергілікті әдебиет» бұл Сәуірбек Бақбергеновтың, Бәтима Батырбекованың, Тәкен Әлімқұловтің, Асқар Сүлейменовтің, Дулат Тұрантегінің, Сағынтай

Байділдаевтың, Байділда Айдарбековтың, Мыңжасар Асқарұлының, Өскен Бөрғазының тағы басқалардың арттағы ұрпаққа қалдырар мұрасы, бұл Созақ ауданының өткені мен қазіргісі, бұл біз үшін естелік. Осы асылдардың есімін құрметтеп, қымбат мұрасын сақтау, қадір-қасиетін өзіміз тану, өзгеге таныту – біздің елдік парызымыз. Соның ішінде Бәтима Батырбекованың шығармалары өмір шындығын таныта отырып, туған жерді сүйеге шақырады, эстетикалық сұлулыққа тәрбиелейді. Зерттеу жұмысымызда басты назарға алып отырған ақынымыз қасиетті Қаратаудың өнерлі саңлағы, Теріскей деп аталатын бел өлкенің топырағында түлеп өскен ақын апамыз Бәтима Батырбекованың туған жер және оның табиғатына арналған өлеңдері жайлы болмақ.

Әдебиет теориясында табиғат лирикасы, көркемдегіш құралдар - эпитет, теңеу, кейіптеу сөздердің жасалу жолдары қарастырылған. Бұл мектеп бағдарламасында да бар. Дегенмен де, туған жердің табиғатын суреттеуде көркемдегіш құралдардың жергілікті ақын Бәтима Батырбекованың шығармашылығында кездесетіндігі әлі зерттелмеген.

Б.Батырбекова поэзиясы, оның ішінде эпитет, теңеу, кейіптеу сөздердің қаншалықты дәрежеде қолданғандығы, біздіңше, маңызды мәселе болғандықтан, зерттеу жобасы өзекті тақырыпқа арналған.

Ақын және табиғат

Ақын Бәтима Батырбекованың туған жер, оның табиғаты жайлы жазылған жырлары кісіні бейжай қалдырмайды. Ақын:

Жұпарлы, жер жұмағы сырлы Созақ,
Әсем ән, күмбезді күй жырлы Созақ.
Күміс көл, көгілдір тау, шашбаулы өзен
Көк торғын кербез көшті, нұрлы Созақ,- дейді.

Әркімге өз туып-өскен жері ыстық! Бурабай немесе Ақсу-Жабағылы сияқты орманды-сулы болмағанымен шөл-шөлейт аймақта жатқан Созақ жері ақын жүрегіне сондай жақын, сондай сүйікті. Ақын өлеңдерін оқығанда туған жерін ешқашан басқа жерге айырбастамайтынына, әр мезгілдің өз сұлулығы болатыны сияқты әрбір өлеңнің тек өзіне тән қайталанбас көркі бар екендігіне де көзіңіз жетеді.

Ақын туған жер және табиғатының қайталанбас сұлу көрінісін, эстетикалық бейнесін шығармаларының өн бойына арқау етіп, әр қырынан көрсетуде шеберлік танытқан. Мәселен, Қаратаудың көктемін суреттеуде:

Көкжиектен көктем күліп қарады,
Күлімдейді күннің ынтық жанары.
Бір құрысып, бір жазылып лезде,

Құбылады Қаратаудың қабағы, - деп, әсем де, сұлу суреттелген көріністі көз алдымызға елестетеді. Адамдарша көктемді күлдіреді, көк жібек матаға орайды, оған күннің жанарын күлімсіретеді, ұйқысынан оянған табиғатты адамдарша сөйлетеді. Міне, ақын табиғатты көркем тілмен кестелеп, оларға тіл бітіріп, өзінің шынайы досындай сырласады.

Ақынның табиғатты бейнелеудегі тіл көркемдігі

Өлеңнің күші – әсерлілігінде; әсерлілік әр нәрсені әшейін ауызекі әңгіме қылғандай сылдыратып айтып беруде емес, айтайын дегенін сырлы суретке айналдыруда, демек, өлеңнің күші - баяндауда емес, суреттеуде.

Б.Батырбекова табиғат көрінісін суреттеуде шеберлік танытқан. Тілінің көркемдігі соншалық туған

жердің табиғат көріністерін түрлі көркемдік иірімдермен, соны теңеу, айшықты суреттеулермен тамылжытып береді. Әсіресе, ақын табиғатқа жан салудың, адамша кейіптеп жан берудің үлкен шеберлігін көрсеткен. (1-кесте)

Осылайша ақын жансыз затқа жан бітіре кейіптеу арқылы ақындық сезім күйімен көркем өрнектеген. Ақынның «Алатау күзі», «Көктем», «Ақжауын», «Ақбұлақ» өлеңдері бастан-аяқ кейіптеу. Өлеңдерін оқи отырып, ақынның Абай дәстүрін жалғастырғанын байқаймыз. Ұлы ақын Абай «Қыс» өлеңінде қыс мезгілін «Ақ киімді, денелі, ақ сақалды» «дем алысы үскірік» көрі қартқа баласа, Б.Батырбекова «Көктем» өлеңінде:

Көктем келді көк жібекке оранып,
Қыр құлпырды қызғалдаққа боялып,
Сайрап кетті алуан тілмен үн қатып,

Бар табиғат ұйқысынан оянып, - деп табиғаттың ояна бастаған уақытын көк жібекке оранған, жасыл шапан киген жомарт адамға балап әсерлі суреттеу туғызады. Кейіптеумен бірге әсем өрілген ынтық жанар, гүл шуақ, көгілдір нұр, көк жібек сынды эпитеттері айтар ойын айқындауда орнымен қолданған.

Ақынның басқа да туған жердің табиғатын суреттейтін өлеңдерінде суретті образдар, суретті сөздер көптеп кездеседі.

Ақын осындай эпитеттер арқылы сөздегі суретті дәлдеп, айқын мағына беріп, орнымен ойната қолданған. Мұндай суреттеулер болмаған жерде табиғат көрінісі солғын тартар еді. Демек, суреткерді табиғатқа айрықша өң, рең берді деп айта аламыз.

Сондай-ақ, ақын өлеңдерінде өзіне ұқсас зат немесе құбылысқа ұқсата теңеу де жиі ұшырасады. (3-кесте) Б.Батырбекова өлеңдерінде ең жиі кездесетіні –дай, - дей, жұрнағы арқылы теңеудің жасалуы. Сондай-ақ, боз інгендей, түбітіндей ешкінің, шоктап үкі таққандай теңеулері ұлттық ерекшелігімізді танытатын бейнелі сөздер.

Қорытындылай келе, Бәтима Батырбекова – өлеңі өрнек, жаны табиғатқа егіз сыршыл лирик. Ақын Б. Батырбекованың туған жер және табиғаттың эстетикалық бейнесін суреттеген өлеңдері - оқырманын әсемдікке, әдемілік атаулыны бағалай білуге тәрбиелеуде мазмұн-мағынасымен, көркемдік қуаттылығымен, иірімі мол әдеби тілімен өзіндік орны бар дүниелер. Өлеңдерінен ақынның талғампаздық тұлғасы әр қырынан көрінеді. Біріншіден, туған жердің тау-тасы мен жыбырлаған құрт-құмырсқасына дейін сүйеге құрметтеуге шақырса, екіншіден, туған жердің сұлу да сырлы табиғатын, оның әдемілігін жырлай отырып, эстетикалық тәрбие береді. Сонымен бірге, ақынның тек өлеңнің ішкі мазмұнына ғана емес, сөздерінің бейнелі қолданысына қатты назар аударғанын да байқаймыз. Көркемдік тәсілдерді – эпитет, теңеу, кейіптеуді қолдануы жағынан мейлінше ұлы Абайға ұқсайды. Ақын Бәтима апамыз осы дана да дара тұлғаны пір тұтқанын, жолын жалғастырғанын аңғарамыз. Демек, ақын өлеңдерін шынайы шабыттан туған мағынасы мен көркемдік әсері мол нағыз лирикалық туынды деп айтуымызға болады.

Б.Батырбекова өлеңдері ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып, егемен еліміздің аспанында, азат даласында қыран құстай самғап ұшатынына сенемін. Өлең өлмейді, оны жазған ақын да өлмейді. Ол – біздер үшін өшпес те өлмес асыл мұра, қасиетті қазына.



2015 жылдың тамыз айынан бастап шыға бастады.
Айына бір рет шығады.

Бас редактор:

ЕСЕН Бахыткүл Артыққызы

Шығармашылық директор:

БЕКЗАТ Рүстем

Бас редактордың орынбасары:

БИҒАРАЕВ Жарқынбек

Тілші:

УСИПОВА Жанна
ТАСТАНБЕК Аяулым

Дизайнер:

АНАРКУЛОВ Ислам

Журнал Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және Даму Министрлігі
Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат
комитетінде тіркелген.

Тіркеу куәлігі №15454-Ж (01.07.2015)

Жазылу индексі: 74871

Редакцияға келіп түскен

автордың мақалалары редакцияның
көзқарасын білдірмейді.

Түпнұсқа редакция архивінде сақталады.

Кейбір суреттер мен мәліметтер
интернеттен алынады.

Меншік иесі: ЖК “Шың” Баспаханасы.

Журнал 2024 жылы 24 қаңтар

ЖК “Шың” баспаханасында

басылып шықты.

Мекен-жайымыз:

Қазақстан Республикасы,

Шымкент қаласы,

Ғ.Орманов көшесі 10/1

Байланыс телефондары:

+7 (7252) 77 20 10

Ұялы тел.: +7 701 590 79 16,

+7 778 625 20 78

эл.пошта: bilimshini.kz@mail.ru

сайт: www.bilim-shini.kz

Мазмұны

ЕСЕН Бахыткүл Артыққызы.....	1
БАЙГАРАЕВА Айгуль Бийнбетовна.....	2
ТӨЛЕГЕН Алтынай Сапарқызы.....	3
АБДИМАВЛАНОВА Гульчехра Халмурадовна.....	4
БЕЙСЕБАЕВА Жанара Нұрланқызы.....	5
ЗУЛПИЕВА Ботакөз Шымырбаевна.....	6
НҰРМАХАТОВА Дана Батырқызы.....	9
ӘСІЛБЕКОВА Арайлым Кенжеқызы.....	10
ЖАСУЗАК Динара Нурлановна.....	11
ЖУБАНОВА Меруерт Жиргалиевна.....	13
ТУРАХАН Салтанат Әлішерқызы.....	13
ЕРАЛХАН Әсел Ғалымжанқызы.....	14
ӘЖІ Аяулым Ибраимқызы.....	17
ЖУЗЖАСАРОВА Ақмарал Аймаханбетовна.....	19
КАДЕЕВА Айгуль Исаковна.....	21
ПАРМЕНКУЛОВА Шолпан Кенжехановна.....	23
СУЛТАНБЕК Асылым Таныбекқызы.....	25
ОСПАНОВА Баян Тәжібайқызы.....	27
МАХАНБЕТЖҮСІП Айман Қалдыбекқызы.....	28
БАРЛЫБАЕВ Жомартбек Турланович.....	29
АЛИМБЕКОВА Жазира Жумабековна.....	30
МАМЕДОВА Гульзира Абдираевна.....	32
АБИШЕВА Фарид Молдабаевна.....	34
БАЙЖАНЫСОВА Лаура Сатыбалдиевна.....	35
ЖАМБЕТОВА Тамара Шекербекқызы.....	37
МОМБЕКОВА Айнұр Асылханқызы.....	38
ЕРМЕКБАЕВА Улбала Секеновна.....	40
АКИМХАНОВА Розагүл Мухиддиновна.....	42
НЫСАНБАЙ Айжан Манарбекқызы.....	44
ТОБАЖАНОВА Гүлдана Илесбековна.....	45
РАХАШ Назерке Мұхашқызы.....	47



ШЫҢ
БАСПАХАНАСЫ

Кітапша

Плакат

Кітап

Диплом

Баннер

Шақырулар

Афиша

Брошюра

Журналдар

Бланк

Визитка

Буклеттер

Стенд

Маңдайшалар

Портфолио

Сапалы әрі арзан бағада



+7 (7252) 77 20 10;

+7 701 590 79 16

ҚР, Шымкент қаласы, Ғ.Орманова көшесі 10/1
E-mail: bilimshini.kz@mail.ru

